бөгеттер мен бақылау жолақтарының жай-күйі тексеріледі. Күндізгі бақылау – кеңістікті қамтитын шолумен астасса, кеш пен түн – мүлде басқа әлем. Түнде дыбыс та өзгереді, көленке де өзгереді, алыстан сезілетін қозғалыстың өзі өзгеше қабылданады. Бұл уақытта техникалық бақылау құралдарының көмегі күшейеді, алайда шешуші салмақ бәрібір адамның бойындағы кәсіби түйсікке тіреледі. Өйткені техника – құрал ғана, ал жауапкершіліктің өзегі – адамның жүрегінде. Шекарашының жинақылығы мен байқағыштығы, тәртіпке адалдығы, әр қимылды заң талаптарына сүйеніп өлшей білуі – нағыз қызмет мәдениетінің өзегі.

Жазықтың ашық кеңістігі кейде «бәрі көрініп тұр» деген алдамшы сезім тудыруы мүмкін, ал таулы аймақ керісінше – әр бұрылыстың ар жағында белгісіздік қалдырады. Сондықтан «Жасөркенде» тактикалық дайындыққа, бағдарлау мен қозғалыс қауіпсіздігіне, байланыс тұрақтылығына ерекше мән беріледі. Қажет жағдайда топ болып әрекет





ету, керек кезінде ықшам қимылдау, маңызды сәтте асығыс шешімге ермей, заңға сүйеніп нақты қадам жасау – мұның бәрі бір күндік үйретумен келмейді. Бұл – күнделікті машықтың жемісі. Қайта-қайта қайталанған машық қана қиын сәтте адамның ойын шашыратпай, әрекетін дәл етеді.

Ал дәлдіктің артында сенім тұрады. «Жасөскеннің» ең бағалы қасиеттерінің бірі – өзара сүйеніш. Қиын учаскеде қызмет атқарған адам жалғыздың емес, жұдырықтай жұмылған ұжымның ғана мықты бо-

латынын жақсы біледі. Мұнда әріптес – жай ғана қызметтес емес, бір нарядта иықтасатын серік, қауіптің алдын алуда тірек, түн тыныштығында қырағылықты бөлісетін бауырлас. Осындай сенім бар жерде тәртіп те бекем, жауапкершілік те берік болады. Майор Сихымбаевтың басқару стилінде дәл осы рух анық сезіледі: талап қоя білуімен қатар, қолдауды да ұмытпайтын, әділ бағалайтын, ұжымның бірлігін сақтайтын орнықты ұстаным.

Бөлімшенің жетістігі қағаздағы көрсеткішпен ғана өлшенбейді, оның

өзіне тән «қызмет мінезі» бар. Мұнда уақыттың құны жоғары: байланысқа дер кезінде шығу, белгіленген тәртіпті дәл орындау, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып қимылдау – бәрі кәсіби деңгейдің белгісі. «Үздік» атағы – марапат қана емес, жаңа міндет. Себебі биікте тұрудан да қиыны – сол межені ұстап қалу. Ал шекарада межені ұстап тұру – күн сайынғы еңбекті жаңарту, тәртіпті әлсіретпеу, дайындықты үзбеу, кәсіби сергектікті төмендетпеу деген сөз.

Шекарадағы қызметтің түпкі мәні – тыныштықты сақтау. Бірақ тыныштық өзінен-өзі келмейді; оның өз бағасы бар. Ол баға – көзге көрінбейтін еңбек, тынымсыз дайындық, тәртіпке адалдық, ұжымдық жауапкершілік. «Жасөскен» шекара бөлімшесінің ұжымы осыны әр тәулікте дәлелдеп келеді: жазық пен тауды қатар қамтыған күрделі аймақта қызметтің салмағын үнсіз көтеріп, 2025 жылдың қорытындысында үздік бөлімше атанды. Ал сол ұжымның бағытын айқындап, жүйесін қалыптастырған майор Қасымхан Ынтықбекұлының Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бойынша үздік бөлімше бастығы атануы – сол еңбектің заңды бағасы. Осындай бөлімшелердің табанды қызметі арқылы мемлекеттік шекараның қауіпсіздігі нығая түседі, ал елдің тынысы – тұрақты болады.

Суреттер бөлімшеден.

**Асыллан ЖЕКСЕНВИН,
капитан.**



ШЕКАРА КҮЗЕТІ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызы бар, аса жауапты әрі көпқырлы қызмет. Әсіресе халық тығыз орналасқан, көші-қон үдерістері белсенді жүретін өңірлерде шекара қауіпсіздігін сақтау кәсіби дайындықты, техникалық жарақтануды және жергілікті қоғаммен тығыз өзара іс-қимылды талап етеді. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты «Қайрат» шекара бөлімшесінің қызметі – жоғары жауапкершілік пен жүйелі жұмыстың айқын үлгісі.



«Қайрат» шекара бөлімшесі 2015 жылғы 3 қазанда құрылып, содан бері көршілес Өзбекстан Республикасымен шектесетін Мемлекеттік шекара учаскесін күзетуді жүзеге асырып келеді. Бөлімшенің басты ерекшелігі – жауапкершілік аумағы халық тығыз орналасқан аймақта орналасуы. Бұл аумақта 20 мыңнан астам тұрғын өмір сүреді, ал бұл жағдай шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды еселей түседі. Мұндай жағдайда шекара күзеті тек бақылау мен тосқауыл қоюмен шектелмейді. Ол – алдын алу, түсіндіру, жергілікті халықпен және өзге де мемлекеттік органдармен үздіксіз өзара іс-қимыл жүргізуді қамтитын кешенді жұмыс. Қазіргі заман талаптарына сай «Қайрат» шекара бөлімшесі Мемлекеттік шекараны күзетуге арналған заманауи инженерлік-техникалық құралдармен толық жабдықталған. Атап айтқанда: дәнекерленген сым тор панельдері, «Гоби-212Е» бақылау жүйесі, «Гюрза» электросигнализациялық кешені, темір бақылау мұнаралары, ашық және жасырын бақылау пункттері, бейнебақылау камералары, инженерлік бөгет жүйелері (ІБЖ). Бұл құралдар тәулік бойы жағдайды бақылауға, қауіп-қатерлерді ерте анықтауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Бөлімшенің табысты қызметі, ең алдымен, жеке құрамның кәсіби деңгейіне байланысты. «Қайрат» шекара бөлімшесінде тәжірибелі, білімді және өз ісіне адал әскери қызметшілер қызмет етеді. Бөлімше бастығы – Дархан Жансапов, Шекара қызметінде 2012 жылдан бері мінсіз еңбек етіп келеді. Ол Шекара академиясының түлегі, әр жылдары жауапты басшылық лауазымдарда қызмет атқарып, 2020 жылдың сәуір айынан бастап бөлімшені басқарып келеді. Оның басшылығымен бөлімше қызметі жүйеленіп, нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Бөлімше бастығының орынбасары аға лейтенант Амир Арманов, жас болса да кәсіби даярлығы жоғары офицер. Ол 2023 жылы Сарыағаш ауданы бойынша тәрбие және идеология бағытындағы үздік орынбасар ретінде танылды.

Жеке құрамның ұйымшылдығы мен тәртібін қамтамасыз етуде бөлімше старшинасы Айтқожа Махаматов пен аға техник Қайрат Джолдасовтың еңбегі ерекше. Олар күнделікті қызметтің үздіксіз, талапқа сай орындалуын қамтамасыз етіп келеді.

«Қайрат» шекара бөлімшесінің қызметі нақты нәтижелермен өлшенеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Өзбекстан бағыты бойынша шекара күзе-

тетін бөлімшелер арасында үздік шекара бөлімшесі деп танылды.

Негізі атқарылған жұмыстарды тізсек: Мемлекеттік шекараны бұзудың 4 фактісі анықталды. Психотроптық заттарды тасымалдау әрекетіне байланысты 1 құқық бұзушы ұсталды. 300-ге жуық көші-қон заңнамасын бұзушы анықталып, тиісті баптар бойынша сотқа жолданды. 100-ге жуық шекара режимін бұзу дерегі тіркелді. Бұл көрсеткіштер бөлімше жеке құрамының қырағылығы мен кәсіби деңгейінің жоғары екенін айғақтайды.

Қоғаммен байланыс және патриоттық тәрбие бөлімше қызметінің маңызды бағыттарының бірі – жергілікті қоғаммен және білім беру ұйымдарымен өзара байланыс. «Қайрат» шекара бөлімшесіне қарасты мектептерде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдерімен бірлесіп, «Жас шекарашы» үйірмелері тұрақты жұмыс істейді. Бұл – жас ұрпаққа отансүйгіштік рух дарытып, шекара қызметіне деген құрметті қалыптастырудың тиімді жолы. Сонымен қатар, ерікті жасақ мүшелері де Мемлекеттік шекараны күзетуге белсенді түрде атсалысуда. Соның бір дәлелі – 2025 жылғы қараша айында ерікті жасақ мүшесі Артық Бектургановтың Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған Өзбекстан Республикасының азаматын ұстауы.

«Қайрат» шекара бөлімшесі – Мемлекеттік шекараны күзетудегі кәсібилік, қырағылық және жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Халық тығыз орналасқан аумақта қызмет атқара отырып, бөлімше жеке құрамы Мемлекет жүктеген міндетті абыроймен орындап келеді. Бөлімшенің инженерлік-техникалық жарақтануы, кадрлық әлеуеті және қоғаммен тығыз байланысы – шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудің сенімді кепілі.

Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің тірегі. Ал оны күзетіп тұрған «Қайрат» шекара бөлімшесі – сол тіректің мызғымас қорғаны.

Суреттер шекара бөлімшесінен.

Рауан АСАДИЛОВ,
подполковник.



НЕДООЦЕНКА ПОГРАНИЧНИКА — ОШИБКА

Пункт пропуска «Кызыл Жар» (автомобильное) по праву признан лучшим подразделением пограничного контроля Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области по итогам 2025 года. Мы прибыли сюда в разгар зимы, когда северный мороз уже не кажется временным явлением, а становится постоянным фоном жизни.

Трескучий, сухой холод сковывает пространство, заставляет говорить тише, двигаться точнее и думать яснее. Здесь, на севере, зима сразу расставляет все по местам: кто пришел служить – служит, кто надеется на случай – быстро понимает, что случай на границе не работает.

Автомобильный пункт пропуска «Кызыл Жар» стоит в этом морозе уверенно и спокойно. Он был открыт постановлением Правительства Республики Казахстан в 2004 году как двусторонний круглосуточный пункт пропуска, в 2009 году стал международным и с тех пор работает без перерывов, без скидок на

погоду и время суток. День или ночь, метель или ясное небо – все это здесь лишь фон для главного: пограничного контроля.

Отделение пограничного контроля «Кызыл Жар» (автомобильное) возглавляет майор Досхан Алипов. В его манере говорить и слушать нет ничего показного. Он не стремится произвести впечатление – оно возникает само. Это офицер, для которого порядок не абстрактное понятие, а ежедневная практика. Он женат, воспитывает двух дочерей, и в этой двойной ответственности за семью и за службу чувствуется его внутренняя устойчивость. Он умеет держать паузу, принимать решения и, что особенно важно, доверять людям, которых сам же и воспитал как специалистов.

Смена в этот день заступила в полном составе. Старший смены – старший лейтенант Адиль Укенов. Молодой офицер, спокойный, внимательный к деталям и людям. Он говорит негромко, но его слышат. И в разговоре о службе в его голосе нет ни усталости, ни раздражения – только ровная, осознанная готовность нести ответственность. Такие офицеры не бросаются в глаза,

но именно на них держится повседневная устойчивость границы.

Паспортный контроль в отделении пограничного контроля «Кызыл Жар» – это первая и самая тонкая линия. Рядовой Иван Задоя и ефрейтор Райса Досанова работают сосредоточенно, будто время здесь течет иначе. Паспорт в руках человека может рассказать больше, чем он сам готов сказать. Лишняя спешка, неуверенный взгляд, слишком выученная история – все это мгновенно фиксируется.

Один из таких эпизодов произошел в зимний период. На паспортный контроль был предъявлен документ гражданина Республики Казахстан. На первый взгляд – безупречно. Но в ходе беседы старший лейтенант А. Укенов обратил внимание на незначительные, почти неуловимые расхождения в ответах. Проверка, уточнение, повторный вопрос – и пазл начал складываться. Выяснилось, что гражданин Казахстана, следовавший в сопредельное государство, пытался пересечь Государственную границу по чужому документу, принадлежащему близкому родственнику. Надеялся, что внешнее сходство и уверенность помогут. Не помогли. В ходе дальнейших мероприятий был выявлен и его собственный документ, а также установлен факт ограничения на выезд. Через Государственную границу РК он пропущен не был и привлечен к ответственности в установленном законом порядке.

Такие случаи особенно показательны. Они не про хитрость. Они про недооценку пограничника. А это – ошибка.

На досмотровой площадке

отделения пограничного контроля «Кызыл Жар» (автомобильное) мороз ощущается сильнее всего. Металл обжигает ладони, дыхание сбивается, но работа не замедляется. Ефрейтор Куаныш Абдрахманов и старший сержант Нуржан Нугуманов действуют спокойно, методично, без суеты. Здесь каждый досмотр – это анализ. Профиль риска, маршрут следования, характер груза, поведение водителя.

В одном из случаев транспортное средство следовало с территории РК в сторону сопредельного государства с заявленным грузом промышленного назначения. Документы внешне соответствовали, однако совокупность признаков: маршрут, вес, характер упаковки вызвали сомнение. Было принято решение о более тщательном досмотре. В результате установлено, что груз относится к категории запрещенных к вывозу в соответствии с действующими нормативными актами. Транспортное средство через Государственную границу РК пропущено не было, материалы переданы в уполномоченные органы.

Подобные задержания не сопровождаются громкими словами. Здесь нет торжества или удовлетворения. Есть понимание: работа выполнена правильно.

За отчетный год через автомобильный пункт пропуска «Кызыл Жар» прошло почти полмиллиона человек и порядка 160 тысяч транспортных средств. Были выявлены боеприпасы, в том числе патроны, холодное оружие, факты незаконного перемещения горюче-смазочных материалов, валюты, запрещенных товаров, недей-

ствительные документы, а также многочисленные случаи двойного гражданства. Каждое выявление – это результат внимательной, кропотливой, порой незаметной работы.

Зимой особенно ясно понимаешь цену этой службы. Когда мороз не оставляет права на ошибку, когда смена длится долго, а поток не иссякает, пограничник остается на своем месте. Без жалоб. Без оправданий. Потому что граница – это не обстоятельство. Это обязанность.

Когда я уезжала с пункта пропуска, ночь уже окончательно вступила в свои права. Мороз усилился, фары машин выхватывали из темноты лица, документы, руки в перчатках. Все повторялось – подъезд, остановка, проверка, движение дальше. В этой кажущейся однообразности и была скрыта суть службы: граница держится не на исключительных событиях, а на умении каждый раз делать одно и то же без снижения требований к себе.

Дорога уходила в темноту, а за спиной продолжала работать смена отделения пограничного контроля «Кызыл Жар» (автомобильное). Не ради красивых формулировок, не ради отчетных строк. Просто потому, что таков выбранный путь. И, пожалуй, именно в этом – без лишних слов, без демонстрации значимости и проявляется настоящий патриотизм: стоять на своем месте тогда, когда об этом никто не думает, но от этого зависит слишком многое.

Фото из подразделения границы.

Динара МУКАЖАНОВА, майор.



КӘСІБИЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

2025 жылды қорытқан Шекара қызметінің жоғары басшылығы сараптай келе, Алматы облысы бойынша департаментінің Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлар жұмысы басқармасының бөлім бастығы подполковник Асхат Айсағалиевті «Үздік кадрлар маманы – 2025» номинациясына лайық деп тапты. Департаментті толықтыруды 88 пайызға дейін жеткізгені үшін. Мерзімді қызметтің сарбаздарын қоспағанда...

88 пайыз. Бұл – бөлімнің ұжымдаса еткен еңбегі мен төккен терінің өтеуі екені бесенеден белгілі. Сонда да біз «Шекарашы» журналы үшін бөлім бастығының қолы қалт еткен сәтін пайдаланып, өзін сөзге тартуға тырыстық. Десек те, жұмысы бастан асқан Асхат Қаманұлы біздің сұрағымызға да жауап беріп үлгерсе, арасында есікке «тыным» бермеген әріптестердің шаруаларын тас-түйнақтай етуге де уақыт тауып жатты... Осылай тоқтаусыз жүріп жатқан жұмыстардың ортасында отырып, офицердің аузынан шыққан деректерді

қағаз бетіне түсіруге тырыстық. Сонымен.

Подполковник

А.Айсағалиев айтады: «Департамент пен оның қарамағындағы шекара басқармаларының штатын толықтыру үшін ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс жасалды. Тыл, техника, шекара бөлімдері мен бөлімшелері мен шекаралық бақылау бөлімшелерінің басшыларын тағайындау 100 пайызға орындалды. Запастағы 9 офицер қызметке тартылып, мамандықтары бойынша тағайындалды. Жоғары білімді 8 келісімшарттың әскери

қызметшісіне алғашқы офицерлік шен берілді. Тағы 10 әскери қызметші ҰҚК Шекара академиясында төрт айлық курстан өтіп, шекараға жіберілді. Қазіргі уақытта 9 шекарашы курстан өтіп келді. ҰҚК Төрағасының бұйрығымен, әскери атақтарын алған бойда олар да жаңа лауазымға тағайындалып, қызметтеріне кіріседі... Сондай-ақ, 200-ге тарта әскери қызметші аталған академия қабырғасында біліктілік курсынан өтіп келді».

Осы жерде сәл үзіліс. Департаменттің үшінші қабатына орналасқан кадрлар бөлімі шекарадағы қас-қағым, қарбаласқа теңесек қателеспесіміз анық. Неге дейсіз бе? Өйткені мұндағы қызмет – біз өте жақсы білетін шекарадағы қызметті еске салады. Бірі – әскери жоғары оқу орындарына түскісі келетін талапкерлермен жұмыс істеп жатса, екінші қызметтік кабинеттің «иелері» шекарашы болғысы келетін азаматтардың құжаттарын қабылдап, оларға қажетті бағыт-бағдар беріп жатады. Әскери қызметшілерді аттестаттау да оңай шару емес. Айтпақшы, бұл орайда бөлім басшысының өз айтары бар:

– Әскери қызметшілерді аттестациялау – олардың кәсіптік біліктілігін, жауынгерлік даярлығын, қызметке лайықтылығын бағалау процесі болғандықтан, бұл біз үшін – кадр саясатындағы маңызды міндет. Осы мақсатта біз аттестаттау кабинетін ашып, заманауи үлгідегі бейне-байланыс аппаратураларымен қамтамасыз

Әскери қызметшілерді аттестациялау – олардың кәсіптік біліктілігін, жауынгерлік даярлығын, қызметке лайықтылығын бағалау процесі - кадр саясатындағы маңызды міндет.

еттік. Бұл ең алдымен заңсыздыққа жол бермейді, екіншіден аттестаттау комиссиясының құрамына енген лауазымды тұлғаның уақытын үнемдейді. Өйткені, осыған дейін офицерлердің біліктілігін анықтау үшін шекара басқармаларына баруға тура келетін. Біз ашқан аттестаттау кабинетінің арқасында уақыт пен қаржы үнемделеді, - дейді подполковник А.Айсағалиев.

...Мамандарды тарту, қабылдау, оларды қызметке тағайындаумен айналысатын бөлімге қатысты 2025 жылдың еншісінде қалған тағы бір айшықты шара өткені белгілі. Біздің әріптестеріміз «Атакент» көрме орталығында Алматы қаласындағы мектептердің жоғары сынып оқушыларына арналған халықаралық жәрмеңкеге қатысып, жас буынды әскери оқу орындарға түсуге шақырды. Айта кетерлігі, өз міндеттеріне мығым мамандардың еңбегі еш кеткен жоқ. 9-11 сынып оқушыларының арасынан 50-ге тарта адам әскери оқу орындарына оқуға түсуге ниет білдіріп, 20 оқушы құжаттарын отандық және шетелдік әскери жоғары оқу орындарына тапсырды. Тамаша көрсеткіш.

Подполковник А.Айсағалиев айтады:

«Бұдан өзге, 2022 жылдан бері үздік сарбаздарға «Сарбаз 2.0» бағдарламасы бойынша білім гранттары табысталып келеді. Мәселен, алғашқы жылы 1 сарбаз тегін оқу грантын иеленсе, бұл көрсеткіш жыл өткен сайын өсіп, 2025 жылы 27 шекарашы еліміздегі жоғары оқу орындарында білім алатын болады. Біз сарбаздарды қарсы алып, олармен әңгіме жүргізу кезінде оларға осындай мүмкіндік бар екенін түсіндіреміз. Бағыт береміз».

Міне, 2025 жылы атқарылған ауқымды жұмыстар подполковник А.Айсағалиев пен офицер басқаратын бөлімді ҰҚК Шекара қызметіне пашетті. Өзгелерге үлгі етіп, өткен жемісті еңбектері үшін білікті басшы «Үздік кадрлар маманы – 2025» номинациясын жеңіп алды. Ал бұл – өз кезегінде департамент үшін абырой, мақтаныш.

Суретті түсірген автор.

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА, отставкадағы подполковник.



САНАЛЫ ӨМІР

Полковник Тимур Бахтыханов 1976 жылы 26 қыркүйекте сол кездегі Семей облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылында дүниеге келді. Туған өлкенің кең даласы мен қатал табиғаты оның мінез-құлқын, ішкі төзімін және өмірге деген берік ұстанымын қалыптастырды. Бұл өңір ежелден шекара шебіндегі тәртіп пен жауапкершілікті талап ететін аймақ ретінде белгілі, сондықтан осындай ортада қалыптасқан болашақ офицер үшін тәртіп, адалдық пен Отанға қызмет ету өмірлік қағидаға айналды. 1983–1993 жылдар аралығында Әсет Найманбаев атындағы орта мектепте білім

ала жүріп, ол оқу мен тәрбиені қатар ұштастырды.

Мектепті тәмамдағаннан кейін Тимур Бахтыханов 1993 және 1994 жылдары таңдаған әскери оқу орнына түсуге екі мәрте талаптанғанымен, мақсатына бірден жете алмады. Алайда бұл кезең оны жігерсіздікке емес, керісінше өз-өзіне талап қоюға, дайындықты күшейтуге жетеледі. Табандылық пен мақсатқа адалдықтың нәтижесінде 1995 жылы Бахтыханов Тимур Алматы қаласындағы Ф.Э.Держинский атындағы Жоғары шекаралық командалық училищеге қабылданып, болашақ офицерге шекарашы болудың мәні мен

мазмұнын толық меңгеретін кәсіби даярлықтан өтті. Бұл оқу орнында ол Мемлекеттік шекараны қорғау тәртібін, шекара нарядының қызметін, учаскені күзету мен бақылауды ұйымдастыруды, шекаралық режимді қамтамасыз етуді және жеке құрамды басқарудың негізгі қағидаларын терең игерді. Училищедегі қатаң тәртіп пен күнделікті практикалық дайындық оның бойында шекара қызметіне тән төзімділік, жауапкершілік және шешім қабылдай білу қабілетін қалыптастырды.

1999 жылы Тимур Бахтыханов Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Қарулы

Күштерінің Жоғары шекаралық командалық училищесін аяқтап, Мемлекеттік шекараны тікелей күзету мен қорғауға дайын, кәсіби шекара офицері ретінде әскери қызметке кірісті.

Жас лейтенант Тимур Бахтыхановтың алғашқы қызмет орны — туған өңірі Мақаншы шекара отряды болды. Мақаншыға қызметке келгеннен кейін, Тимур Бахтыханұлы болашақ жары Лаура Ақылбековнамен танысты. 1999–2001 жылдары ол оқу орталығында байланыс мамандарын даярлау взводының командирі ретінде қызмет атқарды. Бұл кезеңде жас офицер тек әскери дайындықты меңгеріп қана қоймай, шекара бойындағы қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз етудің маңызын түсінді. Оның басшылығымен жас мамандар байланыс пен барлау істерінде сенімді білімге ие болды, ал бұл өңірдің шекарасына аса қажет тәжірибе болды.

2001 жылы Тимур Бахтыханұлы Мақаншы шекара отрядының барлау бөлімінде офицер болып қызмет атқарып, шекарадағы қауіптілікті алдын ала анықтау, ақпарат жинау және талдау бойынша тәжірибе жинады.

2002 жылы Ақшоқы шекара комендатурасының бастығының барлау бойынша орынбасары ретінде тағайындалды. Ақшоқы — шекарадағы қиын әрі стратегиялық маңызды аймақтардың бірі. Табиғаты қатаң, жаздың аптап ыстығы мен қысқы борандары, жолдардың жоқтығы, шекара бойындағы қатал табиғи тосқауылдар барлау мен күзет

қызметін қиындатады. Тимур Бахтыханов бұл қызметте әр шешімнің қаншалықты маңызды екенін түсінді: әр қадам, әр аумақтағы бақылау — ел қауіпсіздігі үшін қажет еді. 2003 жылдың ақпан айында жол қатынасының болмауына және ауа райының қолайсыздығына байланысты жұбайын Ақшоқы шекара комендатурасынан Мақаншыға Төтенше жағдайлар министрлігінің арнайы техникасы арқылы жеткізуге мәжбүр болды. Бұл оқиға шекара қызметінің тек қызметтік емес, отбасылық өмірде де үлкен төзімділік пен жауапкершілікті талап ететінін айқын көрсетті. Сол жылдың 28 наурызында тұңғыш ұлы Амир дүниеге келді. Әр қырат, әр таулы аймақ, әр

шұңқыр — оның кәсіби біліктілігі мен шекарадағы батылдығының сынағы болды.

2006–2007 жылдары Тимур Бахтыханұлы Мақаншы шекара отрядында барлау бөлімінің аға офицері қызметін атқарды. Бұл қызмет оған шекара бойындағы стратегиялық маңыздылықты терең түсінуге мүмкіндік берді: әр аумақтағы барлау ісі, күзет ісі және шекарадағы кезекшіліктер — еліміздің тұтастығы үшін аса маңызды еді.

2007 жылы шілде айында қызметі Жетісайға ауысты. Мақтаарал ауданының Атакент елді мекенінде орналасқан жеке шекаралық комендатурасында учаскелік шекарашы болып тағайындалды. Жетісай — елдің оңтүстігіндегі стратегиялық



маңызды аймақ. Бұл өңірде шекара бойындағы табиғаттың әртүрлілігі мен күрделілігі ерекше сезілді: шөлді, жартасты аймақтар, жазық далалар мен арық-сулардың қиылысуы, әр қадамына сақтық қажет ететін қатал жер. Тимур Бахтыханұлы әрбір қызмет орнында шекара бойындағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өзіндік кәсіби тәсілін енгізді. 2007–2009 жылдары ол осы қызметте еңбек етіп, шекара бойындағы тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды элементтерін іске асырды.

2009–2012 жылдары Жетісай шекара отрядының барлау бөлімінің барлау бөлімшесін басқарды. 2010 жылы Мәскеудегі Сыртқы барлау қызметінің оқу орталығында бір айлық кәсіби курсқа қатысып, халықаралық тәжірибе мен барлау әдістерін меңгерді. Бұл білім оны стратегиялық жоспарлауда, ақпарат жинау мен талдау ісінде жаңа деңгейге көтерді.

2012–2015 жылдары Оңтүстік өңірлік шекара басқармасында аға офицер қызметін атқарды. 2015 жылы Маңғыстау облысы, Бейнеу шекара жасағының барлау бөлімінің бастығының орынбасары болып тағайындалып, 2018 жылға дейін осы лауазымда еңбек етті. Бұл өңірдің шекарасы — шөлді, құмды, қыста жел мен боранға толы, әр аумағы қатаң бақылауды қажет ететін стратегиялық аймақ. Тимур Бахтыханұлының тәжірибесі мен кәсіби шеберлігі

бұл өңірдегі шекараның сенімді қорғанысына айналды. 2018–2020 жылдары Бейнеу шекара жасағының бастығының орынбасары ретінде қызмет етіп, өңірдің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жауапкершілігін толық арқалады.

2020 жылы сәуірде Тимур Бахтыханұлы Мақаншы шекара басқармасы бастығының бірінші орынбасары лауазымына көтерілді. Сол жылы Ақтауда Айлин есімді қызы дүниеге келді. Отбасы мен балалар — оның өміріндегі басты тірек. Ұлы Амир Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін тәмамдап, қазіргі уақытта Семей қаласында логистика саласында еңбек етуде.

2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін полковник Тимур Бахтыханов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру басқармасы бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді. Бұл — жедел шешім қабылдауды, стратегиялық ойлауды, жоғары жауапкершілікті және темірдей тәртіпті талап ететін аса маңызды лауазым. Оның бұл қызметтегі басты ерекшелігі — жылдар бойы жинақталған тәжірибені заманауи талаптармен ұштастыра отырып, басқару мен бақылауды нақты әрі жүйелі ұйымдастыра білуі.

Тимур Бахтыханұлы — шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тек бұйрық беруші басшы ғана емес, жеке құрамға үлгі бола алатын, офицерлік абыройды бірінші орынға қоятын тұлға. Ол қызмет барысында әрдайым әділдікке, кәсіби адалдыққа және жеке құрамның жауынгерлік рухын көтеруге ерекше мән береді. Қиын жағдайда сабыр сақтай отырып, нақты әрі байыпты шешім қабылдай білуі оны әріптестері мен бағыныштылары арасында үлкен беделге ие етті. Оның басқаруындағы бөлімде тәртіп пен жауапкершілік, өзара сенім мен талап қатар жүреді.

Полковник Т.Бахтыхановтың өмір жолы — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау ісіне саналы ғұмырын арнаған нағыз кәсіби офицердің жарқын үлгісі. Әр өңірде атқарған қызметі, әр шекаралық аймақта жинақтаған тәжірибесі оның тұлғасын шыңдап, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі сенімді тірекке айналдырды. Ол үшін шекара — жай ғана қызмет орны емес, бұл — өмірлік миссия, Отан алдындағы қасиетті парыз. Осындай офицерлердің арқасында еліміздің шекарасы берік, ал ұрпақ үшін тыныш өмірдің негізі қаланып отыр.

Сурет отбасылық мұрағаттан.

**Ердос ҚАЙРТАЙ,
аға лейтенант.**

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ МЫЗГЫМАСТЫҒЫ – ИНЖЕНЕРЛІК ОЙДЫҢ ДӘЛДІГІМЕН, ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІМЕН ЖӘНЕ ОСЫ САЛАНЫ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ МЕҢГЕРГЕН МАМАНДАРДЫҢ ЖАНҚИЯРЛЫҚ ЕҢБЕГІМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ШЕКАРА КЕҢІСТІГІН СЕНІМДІ ҚОРҒАУ – ТЕК ҚАРУ МЕН ЖАСАҚҚА ҒАНА ЕМЕС, АЛДЫН АЛА ЖОСПАРЛАНҒАН ИНЖЕНЕРЛІК ҚҰРЫЛЫСТАРҒА, БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ, ТОСҚАУЫЛДАР МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА СҮЙЕНЕТІН КҮРДЕЛІ ҮДЕРІС.




ШЕКАРА ҚАУІПСІЗДІГІН НЫҒАЙТҚАН **КӘСІБИ ЖОЛ**

Осы жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген офицерлердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаменті қару-жарақ басқармасының консультанты подполковник Сутуло Александр Александрович. Оның көпжылдық қызмет жолы – кәсібилік пен табандылықтың, стратегиялық

ойлау мен нақты нәтиженің айқын көрінісі.

Александр Александрович 1987 жылғы 29 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Сенжарка ауылында дүниеге келген. Балалық шағынан тәртіп пен жауапкершілікке бейім болып өскен ол болашақ өмірін әскери қызметпен

байланыстыруды ерте тандады. 1994 жылы туған ауылындағы негізгі мектепке барып, кейін 10–11 сыныптарды Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатында оқыды. Бұл кезең оның әскери тәрбие мен инженерлік ой-өрісінің қалыптасуына берік негіз қалады. 2005 жылы ҚР ІІМ Ішкі әскерінің Петропавл



жоғары әскери училищесіне оқуға түсіп, 2009 жылы инженерлік-техникалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша Петропавл жоғары әскери институтын сәтті тәмамдады.

Шекара қызметіндегі еңбек жолын 2009 жылдан бастаған Александр Сутуло әр жылдары инженерлік-саперлік взводтың командирі, инженерлік-саперлік ротаның командирі, инженерлік-техникалық қызметтің аға офицері лауазымдарында қызмет атқарды. 2009–2014 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент елді мекеніндегі 2037 әскери бөлімде қызмет етіп, далалық жағдайда инженерлік қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыруда мол тәжірибе жинақтады. 2014–2019 жылдары Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңірлік басқармасында инженерлік-техникалық бөлімнің офицері, аға офицері ретінде өңірлік деңгейде күрделі инфрақұрылымдық жобаларды үйлестірді. 2019–2026 жылдар аралығында Түркістан облысы

бойынша департаменттің қару-жарақ басқармасында аға офицер, ал 2023 жылдан бері консультант лауазымында қызмет атқарып келеді.

2024–2025 жылдары оның тікелей басшылығымен және кәсіби үйлестіруімен мемлекеттік шекара бойында ауқымды инженерлік жұмыстар атқарылды.

Шекараны күзетудің техникалық құралдарын енгізу мен тиімді пайдалануды ұйымдастыруда да жоғары нәтиже көрсетілді. Қабылданып, пайдалануға берілген: 40 бірлік тепловизорлық камера, 40 бірлік оптикалық көру құралдары шекара бөлімшелерінің мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырды. Нәтижесінде техникалық құралдардың көмегімен 271 құқық бұзушы ұсталды, бұл қабылданған шешімдердің тиімділігін нақты дәлелдейді.

Қызмет барысында Александр Александрович ҚР ҰҚК Басшылығының құқықтарымен бірқатар марапаттарға ие болды. Оның ішінде: «Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз

етудегі үлесі үшін» медалі; «Шекараны қорғауға қосқан үлесі үшін» I, II, III дәрежелі медальдары; «Шекара қызметінің үздігі», «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің үздігі» белгілері; ҰҚК Төрағасы мен Шекара қызметі Директорының алғыс хаттары мен мақтау қағаздары бар.

Подполковник А.Сутуло өзін жауапкершілігі жоғары, талапшыл әрі ұйымдастырушылық қабілеті қалыптасқан офицер ретінде көрсетті. Ол басқарушылық шешімдерде жүйелілікке, жоспарлауда нақтылыққа, ал жеке құраммен жұмыста әділдік пен сенімге басымдық береді. Оның кәсіби стратегиялық көзқарасының арқасында бағынысты бөлімшелердің жұмысы үйлесімді ұйымдастырылып, басқару жүйесінің тұрақтылығы мен жеделдігі қамтамасыз етілді.

Александр – отбасылық жауапкершілікті де жоғары қоятын азамат, қазіргі таңда екі бала тәрбиелеп отыр. Жұбайы – Великотская Виктория Геннадьевна, 1985 жылы Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Ол да өз саласында шекара қызметінде ұзақ жылдар еңбек еткен тәжірибелі маман.

Александр Александрович Сутулоның қызмет жолы – инженерлік ойдың, офицерлік жауапкершіліктің және мемлекеттік мүддеге адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның еңбегі Мемлекеттік шекараны қорғау ісіндегі инженерлік қамтамасыз етудің маңызын тағы бір мәрте айқындап, болашақта да жоғары кәсіби нәтижелерге жетуге берік негіз қалайды.

Суреттер департаменттен.

**Рауан АСАДИЛОВ,
подполковник.**



ТЕРРИТОРИЯ ТОЧНОСТИ: СЕРДЦЕ ДИАГНОСТИКИ ЦВГП

Есть места, где решения принимаются не интуитивно, а с точностью до миллиметра и секунды – на основе показателей, выведенных на экран. Где тишина кабинета – это не пауза, а предельная концентрация. Где за каждой цифрой стоит человеческая судьба. Именно таким пространством является клиничко-диагностическое отделение Центрального военного госпиталя с поликлиникой КНБ РК.

Центральный военный госпиталь с поликлиникой КНБ – это не просто медицинское учреждение ведомства. Это стратегически важная часть инфраструктуры национальной безопасности. Здесь здоровье измеряется не только результатами анализов, но и уровнем готовности тех, кто несет службу. Каждый установленный диагноз – это решение, влияющее на жизнь человека, а порой и на устойчивость целого подразделения.

Сегодня госпиталь представляет собой современный многопрофильный медицинский комплекс, в структуру которого входят отделение общей практики и участковой службы, отделение специализированной помощи, клиничко-диагностическое отделение, лабораторное отделение, отделение профилактического осмотра, стоматологическое отделение, соматическое и хирургическое отделение стационара, отделение реанимации и интенсивной терапии, аптека, отделение экспертизы, статистического анализа и регистрационной службы.

Военная медицина всегда была территорией дисциплины, ответственности и готовности действовать на опережение. Сегодня к этим принципам добавилась цифровая точность и технологическая мощь. И если весь госпиталь – это сложный живой организм, то клиничко-диагностическое отделение – его интеллектуальное и технологическое сердце, где формируются ключевые клинические решения.

Функциональная диагностика: скрытые угрозы на виду

Сердце – основа выносливости, сосуды – транспортная система организма. Их работа не терпит сбоев, особенно там, где цена ошибки слишком высока.

Прошедший год стал периодом уверенного роста диагностического направления. Всего было проведено более 110 тысяч единиц функциональных исследований, что на 28% больше по сравнению с 2024 годом. Это свидетельствует о возрастающем доверии пациентов и расширении диагностических возможностей учреждения.

С помощью швейцарского аппарата Schiller проводятся электрокардиографические исследования в покое и с нагрузкой. Это позволяет выявлять нарушения ритма и проводимости, а

также своевременно диагностировать острую патологию – ишемию или инфаркт миокарда.

Одной из современных методик стал тредмил-тест Schiller – проба с дозированной физической нагрузкой различной интенсивности. Исследование дает возможность оценить функциональное состояние сердечно-сосудистой системы, выявить жизнеугрожающие нарушения ритма, определить причину загрудинных болей и зафиксировать патологические изменения артериального давления и ЭКГ при нагрузке.

Экспертная эхокардиография проводится на ультразвуковой системе премиум-класса General Electric VIVID E95 (производство США). Аппарат обеспечивает высокую детализацию изображения миокарда и клапанного аппарата, оснащен продвинутыми кардиологическими пакетами 2D/3D и функциями автоматических измерений. С его помощью диагностируются диастолическая дисфункция левого желудочка, пороки сердца, тромбы, опухоли, гипертрофия миокарда, с использованием программы тканевого доплеровского исследования для точной диагностики замедления релаксации обоих желудочков.

В отделении также проводится ультразвуковая доплерография сосудов



головы, шеи, верхних и нижних конечностей, почек. Метод позволяет выявлять атеросклеротические бляшки, стенозы и окклюзии, тромбозы и тромбофлебиты, аневризмы, варикозную болезнь, врожденные аномалии сосудистого русла. Оцениваются проходимость сосудов, состояние их стенки и характеристики кровотока.

Особое место занимает ЭКГ-мониторирование по Холтеру – непрерывная регистрация ЭКГ в течение 24, 48 или 72 часов для выявления аритмий и ишемии миокарда.

– Благодаря системе суточного мониторинга были выявлены клинические случаи с паузами сердечного ритма более 4,5 секунды. Пациент был экстренно госпитализирован в кардиохирургический центр, где ему имплантировали электрокардиостимулятор. Недавно у нашего пенсионера диагностирована «немая» ишемия миокарда по Холтеру. Пациент не испытывал никаких жалоб с сердцем и планировал выезд за границу к родственникам на отдых. По результатам суточного мониторинга ЭКГ пациент экстренно был госпитализирован в профильную клинику, где была проведена коронароангиография с выявлением стенозов в коронарных сосудах 85-90%. Проведенное аортокоронарное шунтирование спасло жизнь пациента.

Также по результатам Холтера выявляются жизнеугрожающие пароксизмы желудочковой тахикардии (опасной аритмии, которая может привести к внезапной сердечной смерти). Таким пациентам успешно выполняется радиочастотная абляция, – говорит Асель Масалимова.

Проводится и суточное мониторирование артериального давления

– эффективный метод диагностики гипертензии и гипотензии.

Важно и организационное достижение: если ранее срок ожидания обследования достигал двух месяцев, то после обновления оборудования он сократился до 1 недели.

В арсенале отделения имеется также спирография, позволяющая оценить функцию внешнего дыхания. Ме-

тод применяется при подозрении на пневмонию, пневмоторакс, эмфизему, бронхит, плеврит, а также при obstructивных процессах – бронхиальной астме, опухолевых образованиях, хронических заболеваниях бронхов. Выполняется и спирография с функциональной пробой – это провокационный тест для выявления скрытых нарушений дыхательной системы.

Ультразвуковая диагностика: безопасность и информативность

Существенную положительную динамику демонстрирует ультразвуковая диагностика: в 2025 году выполнено 29 330 единиц исследований, что на 10% превышает показатель предыдущего года.

Кабинет ультразвуковой диагностики оснащен современными аппаратами Samsung и E-CUBE, произведенными в Южной Корее.

Здесь выполняется широкий спектр исследований: печени, поджелудочной железы, селезенки, щитовидной железы, надпочечников, предстательной железы, мочевого пузыря с определением остаточной мочи, почек, органов малого таза, суставов, мягких тканей, молочных желез, органов мошонки, слюнных желез.

Ультразвуковая диагностика позволяет выявлять воспалительные



изменения органов, новообразования – кисты, опухоли, узлы, диффузные изменения паренхиматозных структур, врожденные и приобретенные анатомические аномалии, признаки хронических заболеваний. Метод дает возможность обнаружить наличие свободной жидкости в брюшной и плевральной полостях, в малом тазу, определить увеличение или уменьшение размеров органов, выявить конкременты в желчном

пузыре и почках, также широко применяется при травмах, выявляются разрывы сухожилий, мышц, связок.

При обнаружении узловых образований щитовидной железы проводится пункционная биопсия под УЗ-контролем с последующим цитологическим исследованием. Это пример точной, адресной и минимально инвазивной диагностики, позволяющей своевременно определить тактику лечения.

Рентгенологическая служба: новый уровень качества

В 2025 году в целях повышения качества диагностических исследований и сокращения сроков ожидания для прикрепленного контингента руководством КНБ был при-

обретен дистанционно управляемый рентгеновский комплекс Flexavision (модификация E4) производства Shimadzu (Япония).

Современный комплекс позволяет

выполнять рентгенографию органов грудной клетки, черепа, придаточных пазух носа, костей и суставов в двух проекциях, органов брюшной полости, а также урологические

исследования.

Оборудование обеспечивает высокую диагностическую точность при выявлении переломов, трещин, вывихов, дегенеративных изменений суставов, воспалительных процессов, патологий легких (пневмония, туберкулез, новообразования), изменений позвоночника, синуситов и

инородных тел. С применением бариевой взвеси проводится исследование органов желудочно-кишечного тракта – диагностируются грыжи пищеводного отверстия диафрагмы, сужения, стенозы, дивертикулы.

Рентгенологическую службу дополняют флюорограф «Проскан 2000», маммограф для диагностики узловых и кистозных образований молочных желез, а также дентальный рентген-аппарат, позволяющий выполнять панорамные снимки зубов.

Обновление технической базы позволило существенно снизить



33

очередность и повысить качество визуализации, приблизив диагностику к современным стандартам.

Компьютерная томография: когда каждая деталь имеет значение

Кабинет компьютерной томографии оснащён аппаратом Somatom Go.Top компании Siemens (Германия).


В период пандемии COVID-19 наличие собственного КТ-оборудова-

ния позволило оперативно выявлять вирусные поражения легких у прикрепленного контингента и своевременно принимать клинические решения для быстрого выздоровления пациентов.



Это стало важным фактором в обеспечении непрерывности медицинской помощи.

Сегодня здесь выполняются исследования органов грудной клетки, брюшной полости и малого таза, позвоночника, костно-суставной системы, придаточных пазух носа, височных костей, головного мозга, ангиография и другие виды томографии – как с контрастированием, так и без него.



Магнитно-резонансная томография: точность без вреда

В целях расширения диагностических возможностей и повышения качества медицинской помощи руковод-



ством КНБ в 2024 году приобретен МРТ-аппарат General Electric Signa Explorer 1.5 Тесла (США).

Данный магнитно-резонансный томограф представляет собой высокотехнологическую диагностическую систему на основе сверхпроводящего магнита, обеспечивающего стабильное магнитное поле и высокое качество визуализации. Это «золотой стандарт» в современной диагностике: оптимальный баланс качества изображения, скорости исследования и безопасности. МРТ – метод послойного получения изображений органов и тканей с использованием ядерного магнитного резонанса без ионизирующего излучения.

Основные возможности диагностики: головной мозг, органы брюшной полости и забрюшинного пространства, органы малого таза, позвоночник, мягкие ткани, в том числе с контрастированием, МР-ангиография, МР-венография, МР-спектроскопия, МРТ перфузия головного мозга.

Важно отметить, что недавно были приобретены дополнительные программные пакеты, которые могут исследовать суставы и молочные железы, расширяя возможности раннего выявления заболеваний.

Количество МРТ-исследований в ЦВГП достигло 2 188, увеличившись на 61% по сравнению с 2024 годом. Такой результат отражает как высокий уровень оснащенности, так и растущую востребованность высоко-точной диагностики.

Профилактика нового поколения

В госпитале внедрен комплексный чек-ап для руководящего состава. В течение двух часов проводится полный диагностический комплекс с формированием заключения и выдачей персонального листа рекомендаций. Это модель профилактической медицины нового уровня – структурированной, оперативной и ориентированной на результат в сжатые сроки.

– Хочется добавить, что оснащение отделения передовыми диагностическими системами стало возможным благодаря поддержке руководства госпиталя во главе с подполковником н.б. Сыздыковым Жетписом Сериковичем. Ведь инвестиции в технологии – это инвестиции в безопасность, устойчивость и человеческий ресурс. Здесь каждый аппарат, каждая методика и каждый врач

работают на один результат – сохранить здоровье тех, кто стоит на страже нашей страны, – подытожила Асель Масалимова.

Клинико-диагностическое отделение Центрального военного госпиталя с поликлиникой КНБ – это пример того, как современные технологии, высокая квалификация специалистов и грамотное управление формируют медицинскую систему, способную работать на опережение.

**Фото старшего лейтенанта
Асхата САБИЕВА.**

**Олжас ЖАКСЫЛЫКОВ,
капитан.**

ТАҒДЫР ТАҢДАУЫ

«Жанқожа батыр» атындағы шекара бөлімшесінде қызмет ету – өз алдына үлкен жауапкершілік. Жанқожа Нұрмұхамедұлы – Сыр бойының ғана емес, күллі қазақ даласының азаттығы үшін күрескен ұлы тұлға.



Ел тыныштығы – күнделікті көзге көріне бермейтін еңбектің нәтижесі. Шекара – тек картадағы сызық емес, ол уақытпен, тағдырмен, адам мінезімен өлшенетін ұғым. Бұл жолды таңдаған адам даңқты іздемейді, ол тек өз міндетін үнсіз атқарады. Шекара қызметі – тәртіп пен төзімділікті, сабыр мен адалдықты талап ететін өмір салты. Осындай өмірді саналы түрде таңдап, соған бар ғұмырын арнаған жандардың тағдыры ел тарихының бір бөлшегіне айналады. Бұл мақала – дәл сондай адамдардың бірі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Жанқожа батыр» атындағы шекара бөлімшесінің технигі старшина Тахир Уразаев туралы.

«Жанқожа батыр» атындағы шекара бөлімшесінде қызмет ету – өз алдына үлкен жауапкершілік. Жанқожа Нұрмұхамедұлы – Сыр бойының ғана емес, күллі қазақ даласының азаттығы үшін күрескен ұлы тұлға. Ол ел намысы тапталған кезде үнсіз қала алмаған, әділетсіздікке қарсы тұрған, халқының жерін қорғауды өмірінің мәні санаған батыр еді. Оның күресі – бүгінгі шекара шебінде тұрған сарбаз-



дардың рухани тірегі. Жанқожа батырдың жолы – қарумен ғана емес, рухпен қорғанудың жолы. Бүгінгі шекарашылар сол рухты жалғап келеді. Уақыт өзгерді, қару мен техника жаңарды, бірақ жерге, елге деген жауапкершілік өзгерген жоқ. Бабалар қорғаған шекараны бүгінгі ұрпақ көзінің қарашығындай сақтап отыр. Бұл – ұрпақтар арасындағы үзілмеген байланыс.

Шекара – картадағы сызық

емес, ол адамның тағдырымен өлшенетін ұғым. Түнгі тыныштықта үнсіз күзетіп тұрған қарауыл, таңғы салқынмен басталатын кезекшілік, ұзақ жол мен жауапкершілік – мұның бәрі шекара қызметінің көрінбейтін болмысы. Осындай өмірді саналы түрде тандап, оған ғұмырын арнаған адамдар бар. Солардың бірі – 1970 жылдың 2 сәуірінде Қызылорда қаласында дүниеге келген Тахир Уразаев. Сыр

бойының сабырлы мінезі оның бойына бала кезінен сіңді. Әкесі Қылышжан Уразаев вагон депосында еңбек етіп, адал жұмыстың қадірін үйретсе, анасы Ольга Елубаева бухгалтер ретінде ұқыптылық пен жауапкершілікті өмірлік қағидаға айналдырды. Үш бала тәрбиеленген отбасында тәртіп пен еңбек үнсіз заң еді. Ата-ананың ұлына артқан үміті – елге қызмет ететін азамат болуы.

Мектептен кейінгі жолы оны Қызылорда қаласындағы мектепке алып келді. Техникаға жақындық, тәртіпке үйрену сол кезден басталды. 1998 жылдың мамырында ол әскер қатарына шақырылып, Қаракемір елді мекеніндегі №6654 әскери бөлімде қызметін бастады. Екі жыл ішінде ол сарбаздықтан старшинаға дейін өсіп, взвод командирінің орынбасары атанды, кейін оқу орталығында қалып, бөлімше командирі болды. Бұл жылдар оның мінезін шындап, жауапкершілік деген ұғымды тереңдете түсті. 1999 жылы айтылған бір кеңес оның ойында ұзақ сақталды. Инженерлік ротада қызмет еткен немере ағасы Рустам Уразаев Қызылордада ашылған жаңа әскери бөлім туралы сөз қозғаған еді. Алайда жол бірден ашылмады. Қабылдау болмады, күту болды. Үш жыл бойы ол сабыр сақтап, отбасына сүйеніш болып, әскери қызметке деген сенімін жоғалтпады. Ақыры 2003 жылдың 27 желтоқсанында ол Қызылорда қаласындағы ҰҚК Шекара қызметінің №2019 әскери бөліміне келісімшарт бойынша қызметке қабылданды.

Алғашқы міндеті – химик-дезинфекционист болды. Көзге көрінбейтін, бірақ маңызды жұмыс. Жеті жыл ішінде ол химиялық бөлімше командиріне дейін көтеріліп, кейін әскери бөлімнің техникалық пунктінің бастығы қызметін атқарды. Бұл қызмет қағаздағы атақ емес, әрбір техниканың, әрбір адамның қауіпсіздігіне жауап беру еді. Қызмет жолы оны «Жанқожа батыр» атындағы шекара бөлімшесіне әкелді. Бүгінде ол осы бөлімшеде техник, старшина ретінде еңбек етуде. Кезінде сенім артқан «Урал» болса, бүгінгі таңда заманауи «МАЗ» қызметке кірісті. Уақыт өзгерді, техника жаңарды, бірақ жауапкершілік өзгерген жоқ. Ол бұл ойды жас сарбаздарға жиі айтады.

Қандай қызмет болса да, оның тірегі – отбасы. Жары Меруерт Кулумбетова – шаңырақтың ұйытқысы. Жанель – студент, Дильназ – мектеп оқушысы, Наргиз – мектепке қадам басқалы тұр, Карим мен Азиз – әкесінің жолын жалғауды армандайтын ұлдар. Бұл арман – әке үшін ең үлкен марапат. Оның өміріндегі ең үлкен тірек – отбасы. Шекарадағы тыныштық үйдегі тыныштықпен жалғасқанда ғана мәнді. Балаларының болашаққа сеніммен қарауы, ұлдарының әке жолын жалғауға ұмтылысы – осы жылдар бойғы еңбектің ең әділ бағасы. Өйткені нағыз шекарашы елді ғана емес, өз әулетінде де тәртіп пен жауапкершіліктің үлгісін қалдырады. Бұл тарих – бір адамның өмірбаяны емес. Бұл – шекара деген ұғым-

ның адам тағдырына айналған сәті. Шекара үнсіз тұрғанда, ел де тыныш. Ал сол үнсіздіктің артында танды түнмен жалғаған қызмет, маңдай тер, сабырлы мінез және Жанқожа батырдан жалғасқан рух жатыр.

Бұл әңгіме бір адамның өмірбаяны ғана емес. Бұл – үнсіз еңбек, сабырлы таңдау, Отан алдындағы адал қызмет туралы сыр. Шекарада тұрған адам көп сөйлемейді. Ол тек өз ісін атқарады. Ал елдің тыныштығы дәл сол үнсіз қызметтен басталады. Уақыт өте келе атақ та, лауазым да өзгеруі мүмкін, ал адал қызмет қана өз мәнін жоғалтпайды. Шекара шебінде өткен жылдар адамның мінезін сөзбен емес, іспен қалыптастырады. Бұл жолда даңқ ізделмейді, тек міндет атқарылады. Осындай үнсіз еңбектің арқасында елдің тыныштығы сақталып, ұрпақтың ертеңі баянды болады. Тахир Уразаевтың өмір жолы – тандалған кәсіпке адалдықтың, сабыр мен төзімнің айқын көрінісі. Ол үшін шекара қызметі мамандық қана емес, өмір салтына айналған. Жылдар бойы жинақталған тәжірибе, темірге ғана емес, адамға да жауапкершілікпен қарау, жас сарбаздарға бағыт-бағдар беру – оның бүгінгі қызметінің мәні.

Шекарашы болу – оңай таңдау емес. Бұл мамандықты емес, тағдырды таңдау деген сөз. Өйткені шекарада қызмет ететін адам күннің райына, уақыттың қиындығына, жолдың ұзақтығына шағым айтпайды. Ол үшін ең бастысы – артында

қалған елдің тыныштығы. Көп жағдайда шекарашының еңбегі көзге көрінбейді, аты аталмайды, бірақ дәл сол үнсіздік – бейбіт өмірдің белгісі. Шекара қызметі адамнан ерекше сабырды талап етеді. Мұнда асығыстыққа да, немқұрайдылыққа да орын жоқ. Бір сәттік қателік үлкен жауапкершілікке ұласады. Сондықтан шекарашының өмірі – тәртіпке бағынған өмір. Түнгі кезекшілік, ұзақ жол, аптап ыстық пен ызғарлы суық, кейде үнсіз өткен күндер – мұның бәрі шекара қызметінің шынайы болмысы. Осындай ортада шындалған адам өмірге де басқаша қарайды. Ол сөзге емес, іске сенеді. Тахир Уразаевтың өмір жолы осының айқын дәлелі. Оның шекарадағы жылдары – бір күндік еңбек емес, ондаған жылға созылған жауапкершілік. Техникаға қарау, бөлімшенің тіршілігін қамтамасыз ету, жас сарбаздарға ақыл айту – бәрі бір-бірімен астасып жатыр. Ол өз қызметін ешқашан ерлік деп атаған емес. Өйткені шынайы шекарашы үшін бұл – қалыпты міндет.

Тахир Қылышжанұлы үшін Жанқожа батыр есімі тек бөлімшенің атауы ғана емес. Ол – күнделікті қызметте сезілетін аманат. Әрбір кезекшілік, әрбір сапар, әрбір техникалық тексеріс сол аманатқа адал болуды талап етеді. Шекарадағы қызмет осылайша тарихпен, рухпен, жеке тағдырмен тоғысады.

Суреттерді түсірген автор.

Әкімжан ТӨЛЕБАЙ.
аға лейтенант

Қазақ халқы үшін шекара ұғымы қашанда қасиетті. Еліміздің амандығы мен тыныштығы, тұтастығы мен тәуелсіздігі көзге көрінбейтін, бірақ мағынасы мен салмағы ауыр қызмет иелерінің иығында тұр. Олар – шекарашылар. Шекарашы болу – тек әскери киім киіп, қару асыну ғана емес. Бұл – мінез, бұл – жауапкершілік, бұл – адам бойындағы ішкі тәртіп пен ар алдындағы адалдықтың көрінісі. Осындай қасиеттерді бойына сіңірген, өмір жолын Отанға қызмет етуге арнаған азаматтардың бірі – 2025 жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің «Үздік ветеринариялық маманы» атанған Григорий Игоревич.



ШЕКАРАШЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Бұл мақала – бір ғана адамның өмірбаяны емес. Бұл – шекара қызметінің ішкі әлемі, жауапкершіліктің салмағы, күнделікті көзге көріне бермейтін еңбектің шынайы бейнесі. Бұл – шекара сызығынан басталып, адам жанының тереңінде жалғасатын қызмет туралы сыр.

Григорий Игоревичтің өмір жолы бала кезінен-ақ оңай болмаған. Төрт жасында әкесінен айырылу – кез келген баланың жүрегіне ауыр із қалдырады. Әке – қорған, әке – тірек, әке – өмір мектебінің алғашқы ұстазы. Бірақ тағдырдың жазуы солай болды. Бұл ауыр сынақ

Григорийді ерте есейтті.

Әпкесі екеуін анасы мен әжесі тәрбиелеп өсірді. Қазақы ортада «ана сүтімен, әже тәрбиесімен» деген ұғым бар. Сол тәрбие олардың өмірлік ұстанымын қалыптастырды. Анасының мейірімі мен әжесінің ақылы, сабыры мен өмірлік тәжірибесі баланың

бойына жауапкершілік, төзім, еңбекқорлық сынды қасиеттерді дарытты. Еркелеп өсуге мүмкіндік болмады, керісінше әр ісіне өзі жауап беруді үйренді.

Осы кезеңде оның бойында ерекше бір қасиет қалыптасты – шешім қабылдаудан қорықпау. Бұл қасиет кейін әскери қызметте, әсіресе шекара күзетінде аса маңызды болды. Себебі шекарада кейде бір сәттік шешім бүтін бір жағдайдың тағдырын анықтайды.

Григорий Игоревич 1991 жылғы 11 қыркүйекте Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданына қарасты Құлан ауылында дүниеге келген. Қазақстанның киелі де еңбекқор өңірінде өсіп, көпұлтты қоғамның татулығы мен бірлігін бойына сіңірген ол ерте жастан тәртіпке, жауапкершілікке және Отан алдындағы борышты сезінуге тәрбиеленді. Туған жердің қарапайым тіршілігі мен елдік құндылықтары оның азаматтық болмысын қалыптастырып, шекара қызметін саналы түрде таңдауға негіз болды.

Көп баланың арманы уақыт өте өзгеріп жатады. Ал Григорий үшін әскери болу – бала қиялы емес, саналы мақсат еді. Ол Отанға қызмет етуді, елді қорғауды ер азаматтың парызы деп білді. Бұл арман елеске емес, ішкі сенімге негізделді.

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ тәртіпке, жинақылыққа ерекше мән берді. 9-сыныптан кейін Құлан ауыл шаруашылығы колледжіне түсіп, «Ветеринария» мамандығын таңдауы да кездейсоқ емес еді. Жануарға күтім жасау – сабыр мен төзімділікті, ұқыптылық пен жанашырлықты талап етеді. Бұл қасиеттер әскери

қызметке де қажет екенін ол сол кездің өзінде түсінді.

Көпшілікке ветеринария мен әскери қызмет екі бөлек сала болып көрінуі мүмкін. Бірақ шекара қызметінде, әсіресе қызметтік жануарлармен байланысты бөлімдерде бұл екі ұғым өзара тығыз байланысты.

Төрт жылдық оқу барысында ол тек теориямен шектелмей, тәжірибеге де үлкен мән берді. Әрбір жануар-

дың мінезі, физиологиясы, күтім ерекшелігі бар екенін түсінді. Бұл түсінік кейін қызметтік иттермен жұмыс істегенде аса қажет болды.

2011 жылдың қараша айы Григорий Игоревичтің өміріндегі бетбұрыс кезең болды. Кол-



леджді аяқтаған соң, ол әскери комиссариатқа өзі барып, Отан алдындағы борышын өтеуге ниет білдірді. Бұл – саналы таңдау, ер азаматқа тән шешім еді.

Ол Зайсан қаласындағы Шекара қызметінің 2017 әскери бөлімінде мерзімді қызметін бастады. Дәл осы жерде оның шекарашы ретіндегі қалыптасу жолы басталды. Алғашқы күндерден-ақ тәртіп пен талаптың қаталдығын сезінді. Бірақ бұл оны қорқытқан жоқ, керісінше шыңдады.

Мерзімді әскери қызмет аяқталған соң, ол Зайсан шекара бөлімінде келісімшарт бойынша қызметте қалу туралы шешім қабылдады. Бұл – оның таңдаған жолынан таймағанын, әскери өмірді саналы түрде қабылдағанын көрсетеді.

Қызмет барысында ол әртүрлі лауазымдарды атқарды. Алдымен кавалерист болды. Бұл кезеңде атпен жұмыс істеудің, жануарды сезінудің қыр-сырын меңгерді. Кейін кинолог қызметіне ауысты. Қызметтік иттермен жұмыс істеу – ерекше жауапкершілік. Ит – шекарашының сенімді серігі, кейде тіпті өмірін сақтап қалатын көмекші.

Кейін әскери бөлімнің басқармасына ветеринариялық фельдшер қызметіне ауыстырылды. Бұл оның білімі мен тәжірибесінің дұрыс бағаланғанының дәлелі еді. Әрбір атқарған қызметі оған жаңа қырынан жауапкершілікті сезіндірді.

2014 жылы Ақтөбе қаласындағы 2030 әскери бөліміне, қазіргі ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті, ветеринариялық қызмет бастығы лауазымына тағайындалды.



Бұл кезең оның өміріндегі маңызды белес болды. Қызметтік жануарларды қамтамасыз ету, емдеу, күтіп-бағу – бәрі оның тікелей міндетіне айналды. Әрбір иттің жағдайы, дайындығы, денсаулығы Мемлекеттік шекараны қорғау ісіне тікелей әсер ететінін ол жақсы түсінді.

Бүгінде Григорий Игоревич департаментте әскери-ветеринариялық топтың дәріхана бастығы қызметін атқарады. Лауазым атауы өзгергенімен, оның негізгі миссиясы өзгерген жоқ – қызметтік иттердің саулығы мен дайындығын қамтамасыз ету.

«Шекара – картадағы жай ғана сызық емес. Бұл – адамның ішкі шегі. Бұл сөздің астарында үлкен философия жатыр. Әрбір шекарашы алдымен өз ішіндегі тәртіпті, адалдықты, жауапкершілікті күзетуі тиіс. Ішкі шегіндегі қорқынышты жеңіп, алдыға нық мақсат қоя білсең міне, осы нағыз шекарашының бейнесі» - дейді, ол.

Еңбек елеусіз қалмайды. Қызмет барысында Г. Игоревичтің еңбегі бірнеше рет жоғары бағаланды. Алғыс хаттар мен грамоталар – оның адал қызметінің дәлелі. 2019 жылы Батыс өңірі бойынша «Үздік ветеринариялық маман» атағын иеленді. Бұл – тек жеке

жетістік емес, тұтас бір ұжымның еңбегінің жемісі. Ал 2025 жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің «Үздік ветеринариялық маман» атануы – оның кәсіби деңгейінің биіктігін көрсетті.

Григорий Игоревичтің өмір жолы – шынайы қызметтің үлгісі. Бұл – бала күнгі арманына адал болып, оны нақты іспен дәлелдеген азаматтың тарихы. Ол өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, мемлекеттік шекараның мызғымастығын қамтамасыз ету жолында әріптестерімен иық тіресе еңбек етіп келеді. Оның қызметі – Қазақстан халқының бірлігі мен ортақ жауапкершілігінің жарқын көрінісі. Оның бейнесі – қазақы рух пен әскери тәртіптің, кәсібилік пен адамгершіліктің тоғысы. Осындай азаматтар барда шекарамыз берік, еліміз тыныш. Себебі шекара тек сыртта емес, әрбір жауапты адамның жүрегінде күзетіледі. Жауапкершілік шекарасында тұрған осындай азаматтардың еңбегі – елдің еңсесін биік ұстап тұрған көрінбес тірек.

Суреттер отбасылық мұрағаттан.

Жасұлан ШАРМАКОВ, аға лейтенант.



АДАЛДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОЛЫ

Патриоттық тәрбие – ұлттың рухани тірегі, мемлекеттің берік іргетасы. Елін, жерін, тілін құрметтеген азамат қана Отан алдындағы жауапкершілікті терең сезіне алады. Нағыз патриотизм биік мінберден айтылған ұрандармен емес, күнделікті адал еңбекпен, тәртіппен, қиын сәттерде ел мүддесін жеке басынан жоғары қоя білумен өлшенеді. «Отан – оттан да ыстық», «Туған жерге туынды тік» деген халық даналығы ұрпақтан-ұрпаққа осы қасиеттерді сіңіріп келеді. Патриоттық тәрбие ең алдымен отбасында қалыптасады. Үлкенді сыйлау, еңбекке адал болу,

жауапкершілікті сезіну – болашақ азаматтың мінезін айқындайтын басты қасиеттер. Ал мектеп пен қоғам бұл тәрбиені тереңдете түседі. Ал әскери қызмет, әсіресе шекара қызметі – патриотизмнің нақты іске айналатын тұсы. Себебі шекара күзету – мемлекеттің тұтастығын, халықтың тыныштығын қорғау. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» деген сөз дәл осы мамандық иелеріне арналғандай.

Осындай патриоттық рухты жастайынан бойына сіңіріп, оны өмірлік жолына айналдырған азаматтардың бірі – бүгінгі кейіпкеріміз Максат Демемуов. Ол 1990

жылғы 18 қыркүйекте Қызылорда облысы, Жалағаш кентінде дүниеге келген. Балалық шағының алғашқы кезеңі Ресей Федерациясының Смоленск облысы, Гагарин қаласында өтеді. Кейін тарихи Отаны – Қазақстанға оралып, атасының қолында тәрбиеленеді. Дәл осы кезеңде ұлттық болмыс, елге деген сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, тәртіпке бағыну секілді қасиеттер оның бойында қалыптаса бастайды.

Отбасында үш бала тәрбиеленген. Максат Асылбекович – үлкені. Үлкен балаға артылатын жауапкершілік оны ерте есейтті. Інісі мен қарындасына үлгі болу,

ата-ана сенімін ақтау – оның өмірлік қағидасына айналды. «Ағасы бардың жағасы бар» деген сөздің мәнін ол ісімен дәлелдеп келеді.

Орта білімді Жалағаш ауданындағы №31 мектепте алады. Сабырлы мінезі, тәртіпке бейімділігі ұстаздарының да назарында болған. Мектептен кейін болашағын нақты мамандықпен байланыстырып, 9-сыныптан соң «Болашақ» университетінің колледжіне оқуға түседі. 2010 жылы «Техник-технолог, мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығы бойынша білім алып шығады. Алайда оның өмір жолы өндіріс саласымен емес, ел қауіпсіздігімен тығыз байланысты болып шығады. 2011 жылы әскер қатарына шақырылған сәттен бастап ол өз тандауын саналы түрде жасайды. Әскери комиссариатта шекара әскеріне баруға өз еркімен өтініш білдіреді. Бұл

шешімнің артында отбасылық тарих, ұрпақ сабақтастығы жатыр. Оның атасының әкесі Ұлы Отан соғысы жылдарында, 1941–1946 жылдары, шекара әскерінде қызмет атқарып, сұрапыл соғыстың барлық ауыртпалығын бастан өткеріп, елге аман оралған. Осы ерлікке толы тағдыр жас шекарашы үшін рухани бағдар болды. «Батыр туса – ел ырысы» деген сөз осындай әулеттерге айтылса керек.

2011 жылғы 22 қараша Мақсат Асылбековичтің өміріндегі шешуші кезеңдердің бірі болды. Дәл осы күні ол Шығыс өңірлік басқармасының «Күршім» шекара отрядына қызметке жіберіліп, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы жауапты әрі абыройлы міндетті өз мойнына алды. Бұл – жас сарбаз үшін жай ғана әскери бөлім емес, патриоттық рух қалыптасатын, тәртіп пен талаптың нағыз мектебі еді. Мұнда

әр күн Отан алдындағы борышты терең сезінуге, әскери қызметтің мәнін жүрекпен ұғынуға үйретті.

Әскери жолының алғашқы кезеңінде Мақсат Асылбекович тәжірибелі офицерлерден тәлім алды. Полковник Серік Рахимов пен подполковник Владислав Сидельников секілді білікті командирлердің талапшылығы, әділдігі мен кәсіби ұстанымы жас шекарашының тұлғалық әрі кәсіби қалыптасуына айрықша ықпал етті. Олар әскери қызметтің басты қағидасы – тәртіп пен жауапкершілік екенін күнделікті ісімен дәлелдеді. Қатаң талап, нақты міндет, әділ бағалау секілді ұстанымдар Мақсат Асылбековичтің шекара қызметіне деген көзқарасын түбегейлі қалыптастырып, Отанға адал қызмет етудің мәнін терең түсінуге жол ашты. Қызмет барысында ол әртүрлі бөлімшелерде шындалып, шекара заставаларында, бақылау-өткізу пункттерінде жауапты міндеттерді атқарды. Бұл қызмет орындарының әрқайсысы – тек жұмыс орны емес, үлкен сын мен жауапкершіліктің алаңы болды. Әрбір кезекшілік қырағылықты, сабырды және дер кезінде шешім қабылдай білуді талап етті. Себебі шекара қызметінде ұсақ-түйек деген ұғым жоқ: мұнда әрбір әрекет, әрбір қабылданған шешім мемлекеттің қауіпсіздігімен, халықтың тыныштығымен тікелей байланысты.

Осы кезеңдерде оның кәсіби ұстанымы айқын қалыптасты. «Тәртіпке бағынған ел азбайды» деген қағида Мақсат Асылбекович үшін жай сөз емес, күнделікті



қызметінің басты темірқазығына айналды. Ол тәртіп пен жауапкершілікті Отанға деген адалдықтың көрінісі деп білді. Дәл осы қасиеттер оның шекара қызметіндегі берік азаматтық ұстанымын қалыптастырып, алдағы жылдардағы кәсіби жетістіктеріне берік негіз қалады.

2014 жылдан бастап Максат Асылбекович ҰҚК Шекара қызметі 2019 әскери бөлімінің «Далақұдық» шекара заставасында қызмет атқара бастады. Бұл – оның кәсіби жолында жаңа белес, жауапкершілігі артқан кезең еді. Мұнда ол өзінің шекарашы ретіндегі шеберлігін, адалдығын және жоғары кәсіби деңгейін көрсете білді. Кез келген қызметші үшін бөлімшенің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндет. Кейіпкеріміз бұл міндетті үлкен жауапкершілікпен қабылдап, әр ісін патриоттық рухпен, ел алдындағы борыш сезімімен атқарды. Оның адалдығы мен тәртіпке берілгендігі бөлімшенің барлық қызметкерлерінің назарын аударды, ал өз әріптестері үшін ол сенімді, тәжірибелі маман әрі рухани үлгіге айналды. Сол жылдың наурыз айынан бастап ол жедел кезекшілік және ситуациялық ақпараттандыру бағыты бойынша қызмет атқарып келеді. Бұл сала – шекара қызметінің стратегиялық жүрегі іспеттес: әрбір сигнал, әрбір ақпараттың дұрыс әрі дер кезінде бағалануы ел қауіпсіздігін сақтаудың кепілі. Ефрейтор Демеуовтің жауапкершілігі, жоғары зейіні мен салқынқандылығы осы бағытта айқын

көрінді. Ол кез келген жағдайға дайын, ақпаратты жылдам өңдей алатын, командирлер мен әріптестеріне сенімді серіктес болып отыр. Оның кәсіби шеберлігі мен адалдығы жас шекарашылар үшін нақты үлгі, олардың тәрбие алуына, патриоттық рухқа баюына ықпал етуде.

Бұл сала – көзге көп көріне бермейтін, бірақ стратегиялық маңызы өте жоғары қызмет. Жедел кезекші – тәулік бойы жағдайды бақылап, ақпаратты талдап, дер кезінде шешім қабылдайтын негізгі буын. Мұнда салқынқандылық, жоғары жауапкершілік пен кәсіби дайындық қатар талап етіледі. Осы жылдар ішінде ол өзін сенімді, тәжірибелі маман ретінде көрсете білді. Қиын сәттерде дұрыс шешім қабылдау, жеке құраммен сауатты жұмыс жүргізу, тәртіпті қатаң сақтау – оның қызметіне тән қасиеттер. Әріптестері арасында да ол байсалдылығы мен кәсібилігі үшін құрметке ие. Еңбегі лайықты бағаланып, 2025 жылы Максат Демеуов «Үздік жедел кезекші» атағына ие болды. Бұл – бір күннің немесе бір жылдың емес, көп жылғы табанды еңбектің, адал қызметтің нәтижесі. Аталған марапат оның кәсіби деңгейін ғана емес, шекара қызметіне деген шынайы берілгендігін айқындайды.

Максат Асылбековичтің қызмет жолындағы басты ерекшелігі – жұмысқа деген адалдығы мен жауапкершілігі. Ол үшін шекара қызметі уақытпен шектелетін міндет емес, тәулік бойы ой мен сергектікті талап ететін қасиетті

борыш. Әрбір кезекшілікке ол үлкен дайындықпен, жоғары тәртіппен қарайды. Қандай жағдайда болмасын қызметтік нұсқаулықты қатаң сақтап, қабылданып отырған әр шешімнің салдарын терең саралай біледі. Оның осы ұстанымы әріптестері арасында сенім тудырып, басшылық тарапынан да жоғары бағаланып келеді. «Адал еңбек – адамдықтың айнасы» деген сөз оның қызметтік болмысына дәл келеді. Сонымен қатар, кейіпкеріміз жас шекарашылар үшін нақты үлгі бола білген азамат. Ол өз тәжірибесін бөлісуден ешқашан бас тартпай, жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, кәсіби әрі рухани тұрғыда қолдау көрсетіп келеді. Жастарды тәртіпке, елжандылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеуде жеке үлгісінің орны ерекше. Себебі ол айтқанынан гөрі ісімен үйрететін маман. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дегендей, оның еңбегі мен мінезі жас буынға патриоттық рухтың тірі үлгісі болып отыр.

Максат Демеуовтің өмір жолы – патриоттық тәрбиенің нақты жемісі. Ол үшін Отанға қызмет ету – міндет қана емес, үлкен абырой. «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген халық даналығы оның өмірлік ұстанымымен толық үндеседі. Осындай азаматар барда, Қазақстан шекарасы әрдайым берік, ел тыныштығы мәңгі болмақ.

Суретті түсірген автор.

**Әкімжан ТӨЛЕБАЙ,
аға лейтенант.**



ТАҢДАУЛЫ ТЕХНИК

Ақпараттық технологиялар дәуірінде цифрлық жүйелер мемлекеттік қауіпсіздікті сенімді тірегіне айналды. Бүгінде шекара қызметі тек қырағылық пен физикалық дайындықты ғана емес, сонымен қатар жоғары технологиялық сауаттылықты да талап етеді. Осы үдерісте «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесі шекаралық бақылаудың негізгі тірек құралдарының бірі болып саналады. Бұл жүйе мемлекеттік шекараны кесіп өтетін тұлғалар мен көлік құралдары туралы мәліметтерді жедел, нақты әрі сенімді түрде өндеуге мүмкіндік береді. Ақпараттың дәлдігі, деректердің уақтылы жаңар-

тылуы, жүйенің үздіксіз жұмыс істеуі – шекара қауіпсіздігінің сапасына тікелей әсер ететін факторлар. Ал осы жүйенің тұрақты, үздіксіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуі өз ісіне адал, кәсіби мамандардың еңбегіне тікелей байланысты.

Сол мамандардың бірі – Павлодар облысы бойынша департаменті «Мынқөл» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімшесінің «Бүркіт» БАЖ технигі кіші сержант Олег Спицын. Ақпараттық технологиялар саласындағы терең білімі мен жоғары жауапкершілігінің арқасында ол бірыңғай ақпараттық жүйенің сенімді жұмысын қамтамасыз етіп келеді. Оның кәсіби еңбегі лайықты бағаланып, 2025 жылдың қорытындысы

бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаменті аумағындағы «Ең үздік “Бүркіт” БАЖ технигі» атағына ие болды.

Шекарадан өту үдерісі бірнеше күрделі кезеңнен тұратын жауапты жүйе. Жеке басты куәландыратын құжатты тексеру, тұлғаны сәйкестендіру, құжат үлгісінің заңдылығын анықтау, мөрлер мен белгілердің, қолтаңбалардың дұрыстығын тексеру, жалғандық белгілерін анықтау – мұның барлығы бақылаушыдан жоғары кәсібилікті талап етеді. Осы сәттерде «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесі бақылаушының сенімді тірегіне айналып, мәліметтердің жедел, нақты әрі қауіпсіз өңделуін қамтамасыз етеді.

Олег Спицын осы жүйемен жұмыс істеудің барлық қыр-сырын жетік меңгерген маман. Ол өз бөлімшесінде жүйенің дұрыс бапталуын, үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз етіп қана қоймай, ақпараттық қауіпсіздікке де ерекше көңіл бөледі. Ықтимал қауіп-қатерлердің алдын алу, техникалық ақауларды жою, жүйені қорғау - оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі.

Олег Павлодар облысы, Железин ауданына қарасты Дүйсеке ауылында дүниеге келген. Мектеп қабырғасынан бастап-ақ білімге құштар болып, оқуын үздік аяқтады. Кейін Павлодар жоғары басқару колледжінде «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алып, «техник-бағдарламашы» біліктілігін иеленді. Ақпараттық технологиялар саласындағы бұл білімі оның болашақ кәсіби жолының берік іргетасына айналды.

Олегтің әскери қызметке деген қызығушылығы бала кезінен бастау алады. Ол шекарашыларды кішкентай кезінен көріп өскендіктен, ел шебін күзетуді өз өмірлік мақсатына айналдырды. Бұл арманы 2013 жылы туған ауылында «Мыңкөл» халықаралық теміржолдық өткізу пункті ашылған сәттен бастап нақты бағытқа ұласты. Ал 2018 жылы мерзімді әскери қызметке шақырылып, Күршім шекара жасағының оқу орталығында дайындықтан өтті. Кейін Зайсан шекара жасағының «Терісайрық» шекара заставасында қызмет атқарды.

Ал 2020 жылдан бастап келісім-



шарт негізінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментінің «Мыңкөл» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімшесінде «Бүркіт» БАЖ технигі лауазымында қызмет етіп келеді.

Қызметтен тыс уақытта Олег Спицын табиғат аясында тынығып, рухани серпіліс алуды ұнатады. Оның сүйікті ісінің бірі – балық аулау. Тынық су жағасындағы тыныштық, табиғатпен тілдесу оған сабырлық пен ішкі тепе-теңдік сыйлайды.

Сонымен қатар ол автокөліктерге әуес. Техникаға, көлік әлеміне деген қызығушылығы оның кәсіби болмысымен табиғи үндестік табады. Көлікті күтіп-баптауға, тәртіп пен ұқыптылыққа ерекше мән беруі оның өмірлік ұстанымдарының бір көрінісі.

Бөлімше бастығы - майор Ринат Әділбеков Олег Спицынды кәсіби деңгейі жоғары, жауапкершілігі мол, ізденімпаз маман ретінде сипаттайды. Оның айтуынша,

кіші сержант Спицын әрдайым әріптестеріне қолдау көрсетіп, ақпараттық жүйемен жұмыс істеу барысында кеңес беруге дайын, жаңа технологияларды тез меңгеріп, оларды тәжірибеде тиімді қолдана білетін білікті маман.

Олег Спицын бүгінгі заман шекарашысының жаңа бейнесі. Ол тек мемлекеттік шекараны күзететін әскери қызметші ғана емес, цифрлық қауіпсіздіктің сенімді тірегі, ақпараттық жүйелердің сақшысы, заманауи технология мен әскери тәртіпті үйлестіре білген кәсіби тұлға. Оның қызметі – шекара қауіпсіздігі мен ақпараттық кеңістіктің тұтастығын қамтамасыз етудегі маңызды буын.

Суреттер отбасылық мұрағаттан.

**Гулзада Садыкова
майор.**

ПОГРАНИЧНЫЙ СТОРОЖЕВОЙ КОРАБЛЬ «ТАРАЗ» ПЕРВОГО ДИВИЗИОНА БЕРЕГОВОЙ ОХРАНЫ ДЕПАРТАМЕНТА ПС КНБ ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА УДОСТОЕН ВЫСОКОЙ ОЦЕНКИ И ПРИЗНАН «ЛУЧШИМ КОРАБЛЕМ» ПОГРАНИЧНОЙ СЛУЖБЫ.



ЗАСЛУЖЕННАЯ НАГРАДА

Грамоту и диплом командиру корабля старшему лейтенанту Шамилю Раимжанову лично вручил Заместитель Председателя КНБ РК – Директор Пограничной службы генерал-

майор Ерлан Алдажұманов, на подведении итогов деятельности ведомства.

Награда стала признанием многолетней слаженной работы экипажа, высокого уровня



боевой подготовки и значительных результатов служебно-боевой деятельности.

Командует кораблем старший лейтенант Шамиль Раимжанов – выпускник Военной морской академии имени Н. Кузнецова. В 2022 году после окончания с отличием учебного заведения, офицер был назначен штурманом пограничного сторожевого корабля «Сарбаз». По итогам служебно-боевой деятельности за 2022-2023 годы офицер был признан лучшим штурманом. В 2024 году старший лейтенант Ш. Раимжанов назначен командиром малого сторожевого корабля «Тараз».

По словам уроженца села Кокжайык Кокпектинского района Восточно-Казахстанской области, выбор профессии для него не был случайным и был осознанным с детства.

Наблюдая за службой дяди – прапорщика запаса Барамбаева Рашида Ахметкалиевича, Шамиль с юных лет проникся уважением к мужеству и ответственности пограничников, твердо решив связать свою жизнь с границей.

В 2013 году после успешного окончания колледжа юноша был призван на срочную службу в пограничное ведомство. В 2013-2014 годах проходил службу в воинских частях 2177 (Алматинская авиабаза) и 2458 (Центральный склад Пограничной службы). В 2015 году был призван на воинскую службу по контракту на пограничную заставу «Торешкүдүк» Кызылординского пограничного отряда. В 2017 году Шамиль решил стать офицером и поступил в Военную морскую академию.

По словам командира корабля, малый сторо-

жевой корабль «Тараз» был спущен на воду в 2005 году на Уральском заводе АО «Зенит». За 20 лет службы боевое судно по праву зарекомендовало себя как один из самых надежных и результативных кораблей Пограничной службы. Корабль отличается высокой маневренностью и быстроходностью.

В 2025 году экипажем корабля задержано 25 нарушителей режима территориальных вод и 15 нарушителей правил рыболовства. Изъято 70 километров браконьерских сетей, 63 коллады, более 2 тысяч единиц запрещенных орудий лова. В естественную среду обитания выпущено 200 рыб осетровых и 5 тысяч рыб частичковых пород. Предотвращенный ущерб государству составил свыше 1 млрд тенге.

По словам командира корабля, высокие показатели – это прежде всего результат профессионализма личного состава. Офицер в лучшую сторону отмечает командира боевой части БЧ-1,2 старшего лейтенанта Сагиндика Алтынбека, командира БЧ-5 старшего лейтенанта Батырхана Бейбитова, старшего боцмана старшину 1-й статьи Нурлана Артикова, старшину команды БЧ-5 старшину 2-й статьи Куаныша Асанова, старшего моториста ефрейтора Асхата Жалиева, старшего радиотелеграфиста старшего матроса Жасулана Тойшибека, старшего рулевого-сигнальщика старшего матроса Азамата Куртабаева.

– Экипаж корабля неоднократно участвовал в задержании нарушителей, спасательных и буксировочных операциях, а также в совместных пограничных, оперативно-тактических и антитеррористических учениях, – рассказывает командир первого дивизиона капитан второго ранга Азамат Кунапьянов.

Признание корабля «Тараз» лучшим пограничным кораблем Пограничной службы – это закономерный результат системной, ответственной и профессиональной работы всего экипажа. Командир сумел выстроить четкую организацию службы, а личный состав ежедневно подтверждает высокий уровень под-



готовки делом. Такие корабли и такие люди являются надежной опорой в охране морских рубежей нашей страны.

Заслуженная награда стала не только итогом проделанной работы, но и стимулом для дальнейшего совершенствования службы, укрепления дисциплины и выполнения задач по обеспечению безопасности Государственной границы Республики Казахстан.

Фото автора.

Асхат ЖАНАЛИПОВ,
капитан.



ҮНСІЗ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ДЕ ЕРЛІК...

Шекараның сан соқпағынан жүріп өткен офицер туралы жазудай-ақ жаздық. Жазып келеміз. Ал олардың тылдағы сенімді тіректері туралы ше?! Осындайда ҰҚК Шекара қызметін өз қолымен құрып, қалыптасу кезеңінен сәтті өткізген қолбасшы, генерал-лейтенант Болат Зәкиевтің бізге қойған ерекше тапсырмасы еріксіз еске түседі... Бұл – ел шебінде жүрген шекарашылардың шаңырағының отын жағып, азаматының жолын күтіп отыратын жары туралы бөлек айдар ашу туралы еді. Бас редактор ойлана келе, бұл міндетті маған жүктеген. Енді міне сол сенімнің үдесінен шығып келе жатқанымна биыл тура 20 жыл толыпты.

Осыдан 20 жыл бұрын ашылған айдарға «Томирис» деген атау беріліп, ел шебіне жасалған журналистік іссапар кезінде шекарашы офицерлердің жан жарларымен кездесіп, сұхбаттасуды біртіндеп ғадетке де айналдырдық. Неге «Томирис»? Себебі Томирис – тарихтағы әйел батыр ғана емес, ол – ерлікке серік, жеңіске дем беретін рухтың иесі. Шекарашының тылдағы тірегі, шаңырағының отанасы да дәл сондай: қолына қару алмаса да, отбасы мен ошақтың амандығын сақтап, шекара тыныштығына жауапты ерінің еңсесін биік ұстаушы. Айдардың басты миссиясы – осы көрінбейтін ерлікті паш ету арқылы, жас лейтенанттардың жүрегінің жартысына айналған аруларға үлгі ету болды... Менің осыдан 20 жыл бұрынғы

маңызды миссияны есіме алуымның тағы бір себебі бар. «Томирис» айдарының кезекті кейіпкері Алима Қазбекқызы дәл 20 жыл бұрын жас лейтенантқа тұрмысқа шығып, өзінің жүрегіне жол тапқан жас офицермен бірге шекараға аттанды. Қол ұстасып. Сол қол ұстасып келе жатқандарына биыл күзде 20 жыл болады. Ал сондағы жас лейтенант Асхат Ахметовтің әскери шені – подполковник, қызмет баспалдақтарынан сәтті көтерілген офицер Алматы облысы бойынша департаментіндегі жана лауазымына кіріскеніне көп болған жоқ.

...Біз шекараға жасаған журналистік іссапарлар кезінде осынау офицермен аз кездесіп, сұхбаттас болған жоқпыз. Сосын да арамьзда құрмет пен сыйластық орнаған. Міне, осындай кездесулердің бірінде Асхат Аманбекұлы өзінің шаңырағының отанасы жайында айта келіп, «Шекарашы» журналының өзін жүргізетін айдарына жолдасы жайында жазуымды өтінген. 2005 жылдан бері жел

өтінде келе жатқан офицердің ерекше тілегін екі еткіміз келмеген. Уәде бергенбіз. Лайықты болғандықтан да. Алайда, осы уәдемзді орындаудың сәті енді түсіп еді.

Шекарашының аяулы жары, бес ұл-қыздың анасымен кездесіп, сұхбаттастық. Көздеріне мейірім тұнған келіншектің әңгімесінен, оның жолдасының мамандығына деген құрметін байқағанбыз.

**– Алғаш рет шекарашы құр-
сантапен танысқанда, сіз Алма-
тыдағы жоғары оқу орнының
үшінші курсында оқиды екенсіз.
Айтыңызшы, әскери форма-
дағы жас жігіт сіздің көңіліңізге
қандай әсер қалдырды?**

– Екеуміздің алғашқы таныстығымыз, қаладағы демалыс саябақтарының біріндегі балмұздақ сататын дүңгіршектің алдында болып еді. Құрбым екеуміз кезектің соңында тұрғанбыз. Бір кезде бір жас жігіт келіп, соны кім екенін сұрады. Сосын уақытты қысқарту үшін өзінен-өзі басталған әңгімеміз екеуімізге де





ұнаған тәрізді, балмұздаққа қолымыз тиген соң да саябақтың ішінде бірге серуендік. Сонда байқағаным, Асхат сондай қарапайым, мәдениетті. Қыздардың алдында елпілдеп, желпілдеп кететіндердің қатарынан емес. Маған әсіресе оның мейірімді көздері ұнап еді (сымбатты келіншек әдемі жымыды). Қоштасарда нөмірімді сұрады. Ол кезде ұялы телефон екінің бірінін қолында жүре бермейтін еді ғой. Сонда да неге екенін, көздері сондай жылы жас жігіт менің көңіліме сенім ұялатып еді... Сондықтан, үйдің телефон нөмірін жазып, беріп, онымен бейне жүз жылдан бері білетін достарша қоштастық.

– Сөйтіп, «махаббат қызық мол жылдарыңыз» басталды дейсіз ғой.

– Солай десек те болады. Бір жылдай жүрдік те, 2005 жылдың қарашасында Асхатқа тұрмысқа шықтым. Бұл кезде мен жігітімнің болашақ шекарашы офицер болуға дайындалып жүргенін білетінмін. Оның үстіне, ол оқитын академия-

ның қақпасының алдында өзін күткен кездерім де аз болған жоқ. Сондықтан, лейтенант атанатын күні ол мені өзінің салтанатты шарасына, содан кейін кешкі дастархандарына шақырды. Сөйтіп, бір дастарханның басында болашақ ата-енеммен бірге отырғаным бар...

Бір айдан кейін шекараға шығарып салдым. Көп ұзамай тойымыз өтті де, шекараға бірге кеттік.

– Бүгін «Қайырған» деп аталатын бөлімше ол кездері Антон Онопко атындағы застава. Дегенмен, өзі атаулы болғанымен, көктем шыға «сайран» салуды бастайтын маса, машқараларымен «танымал» болып кеткен. Әлі күнге дейін солай. Сондықтан, осындай ортаға тап болған сізге оңай болмағаны айтпаса да түсінікті...

– Солайы солай ғой. Бірақ мен қайда бара жатқанымды, мені алда не күтіп тұрғанын білдім. Жолдасым айтты. Тағы: «Алима, енді сенің жолдасың шекарашы. Сондықтан, саған менімен бірге

шекараның кез келген жеріне баруға тура келеді» деп ашып айтқан Асхатпен бірге жердің түбіне де бірге баруға дайын екенімді білдірдім. Бар болғаны, «Әйтеуір, күндердің күнінде Алматыға оралатын шығармыз», деген үміт болды. Қайдан білейін, екеумізді таныстырып, табыстырған қалаға оралсақ деген арманымның 20 жылдан кейін барып орындалатынын.

Сөйтіп басталған ғұмырымызда нелер көрмедік, десеңізші? Сіз айтқан маса, машқара, бұзаубас, шаян дейсіз бе, қаптаған улы жәндіктердің ортасында өмір сүрдік. Жолдасым болса, күні-түні қызметте. Таңның атысы, күннің батысы дегенді ұмыттық. Үйге кез келген уақытта келеді де, алдына қойған тамағын апыл-ғұпыл ішеді де қайтадан қызметіне кетеді. Уақыт өте келе бұған да үйрендім. Тұңғышымыз Камила осы заставада туды.

Осылай деп ағынан жарылған Алиманың айтуынша, ол қазіргі «Қайырған» шекара бөлімшесінің өміріне алғашқы кездері үйрене алмай жүргенімен, уақыт өте келе «ыстық ұяға» айналыпты. Содан ба, уақыты келіп, қоштасатын сәт туғанда өзінің бөлімшесін, іргесіндегі Іле өзенін қимай, көңілі әрі-сәрі болғаны...

Әрі қарай, оларды тау ішінде тұрған «Поляна» шекара заставасы (қазіргі «Кетпен» шекара бөлімшесі-авт.) қарсы алған. Ал «Қайырған» мен «Кетпен» шекара бөлімшелерінің айырмашылықтары жер мен көктей. Бірі жыңғыл мен қамыс өсетін сайын даланың төсінде тұрса, екіншісі кеудесін

арша мен мынжылдық шыршалар жапқан таудың ішінде. Ауасы да, табиғаты да керемет. Жаздың аптабынан төмендегі жұрт қайда қашып тығылдарын білмей жүрсе, мұнда қоңыр салқын. Алимаға тау ішіндегі өмір де қатты ұнағаны сонша, жолдасының қызмет бабымен Нарынқол жаққа көшетін кезде енді «Кетпенді» кимай көңілі бұзылсын...

Міне, екінші перзенттері Сабина дүние есігін «Байынқол» шекара заставасында ашқан. Бұл кезде Асхат заставаны басқаратын. Сосын жоғары басшылық Асхат Аманбекұлын Мақаншы шекара отрядының «Ақшоқы» шекара комендатурасы бастығының тәрбие жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Содан кейін Ахметовтер жанұясы Жаркенттен әрі жатқан Рудничный деген елдімекенге көшті. Мұнда қашан өздерінің жүректеріне жақын болып кеткен Нарынқолға кері оралғанға дейін тұрған. Обалы нешік, қайда барса да алдарынан маса, машқара деген пәлекеттер қайтып шықпаған... Айтпақшы, Алинұр – әкесі «Нарынқол» шекара комендатурасын басқарып тұрған кезде туған. Арлан болса, Жоңғар Алатауының ашық қақпасында тұрған «Достық» шекара комендатурасында өсті. Жыл он екі ай тоқтаусыз соғатын желі мен қараша айында басталып кететін боранын көрді. Сонда да осы бір алыстан көрші елдің Алашанькоу дейтін қаласын аппақ болып көрінетін осы бір кішігірім қала әлі күнге дейін Арланның көңіліне ыстық. Мүмкін ата-анасы ұлдарына осы есімді туған жердің қатал табиғатына қа-

рап, қасқырдың арланындай қайсар болсын деген тілекпен қойған болар... Ал Достық - Алимаға екібастан ұнаған. Үшарал қаласында да тұрып көрген. Міне, бесіншілері Аруна осы қалада туып, аяғын осы қалада апыл-тапыл басып еді.

...Осылайша, гарнизоннан-гарнизонға көшкен Ахметовтер жанұясы 2021 жылы Астанаға көшкен. Жанұялық жағдаймен. Өйткені, алдымен анасы аяқ астынан бақилық болып, әлі үйленіп те үлгермеген үш бауырымен қалған әкесінің жанында болу үшін Асхатқа елордаға сұрануға тура келіп еді... Бұл кезде әкесінің де денсаулығы сыр беріп, күтім қажет ететін. Обалы нешік, күні-түні қызметтен қолы босамайтын жолдасының бабын тауып, балаларына жақсы тәрбие бере білген Алима төсек тартып жатқан қайын атасының барлық жағдайын жасады. Келіндік міндетіне адал болды. Заман ауыр, арман алыс, тіршілік қысқа, дүние тар екенін көрсетпеуге, байқатпауға тырысып бақты... Өкінішке орай, Алланың санап берген ғұмыры түгесіліп, Асхаттың әкесі де дүниеден өтті. Сөйтіп, асқар тау әкесін жер қойнына кимай тапсырған Асхат қайтадан... шекараға оралуды шешкен... Жұбанышты шекарадан іздеген болар, кім білсін?!

Тағы көшу... Бұл жолы Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында тұру бұйырыпты. Жолдасы басқарма бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы болып тағайындалысымен, баяғы өмірлері қайта басталған. Алима үйде. Асхат пен балалардың киімдері жуулы, тамақтары пісірулі, үйлері тап-тұйнақтай.

– Мен осы өмірді өзім таңдадым. Оқуымды бітіріп, алған дипломымды сандықтың түбіне салған кезде де көңілім бұзылған жоқ. Сабырлы, түсіністікпен қарадым. Мүмкін, өзімді жолдасымсыз – көзі мейірімге толы, жаны сұлу Асекемсіз елестете алмайтынымды түсінген соң да шығар, - деп Алима Қазбекқызы толғана үн қатқан.

20 жыл. Сандық түбіндегі дипломның «сарғайып» жатқанына 20 жыл. Өркениет саналатын Нарынқол мен Талдықорғанға бірнеше ондаған шақырым жердегі Көксуда, Үшаралда тұрды. Бірақ «жұмыс істеймін» деп, дипломын жатқан жерінен қозғаған жоқ. Барған жерлерінде ойлағаны шаңырағының отағасы мен балаларының қамы болды. Әлі күнге дейін солай.

Осы жерге келгенде біз Алимадан сүйікті ісі туралы сұрадық. Сөйтсек, қолөнермен айналысқанды ұнатады екен. Бірақ, қолөнердің қай түрі екенін бізде қаузап сұрамадық, ол да айтпаған...

Міне, жолдасының мамандығын бірінші кезекке қойған Томирис патшайымның қайсар сіндісі туралы айтарымыз осы.

Жас лейтенантқа тұрмысқа шығуын шықса да, қаладан кеткісі келмей, жолдасын да, өзін де әрісәрі күйге салатын кейбір «арулар» Алима секілді нағыз жауынгер мінезді жандардан үлгі алса, шіркін дейміз...

Суретті түсірген автор.

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
әскери журналист.

ОТАНҒА АДАЛ
ҚЫЗМЕТ ЕТУ –
ОЛАРДЫҢ КӘСІ-
БИТАҢДАУЫ ҒАНА
ЕМЕС, ҰРПАҚҚА
ҮЛГІ БОЛАР
ӨМІРЛІК ҰСТА-
НЫМЫ.



ШЕКАРА – ТАҒДЫР, ОТБАСЫ – ТІРЕК

Шекара қызметі – тек кәсіби міндет емес, бұл – өмірлік таңдау, тағдырмен астасқан жол. Осы жолды саналы түрде тандаған әрбір әскери қызметшінің артында үнсіз демеу болып, қиындық пен жауапкершілікті бірге көтеретін отбасы тұрады. Осындай өнегелі әскери әулеттердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар басқармасының консультанты подполковник Рауфхат Төлегеннің отбасы.

Рауфхат Серикович 1984 жылғы 9 қаңтарда Өскемен

қаласында дүниеге келген. Туған қаласында орта білім алып, жастайынан әскери қызметке қызығушылық танытты. 2003 жылдың мамыр айында Алматы облысы Үшарал қаласында орналасқан Шекара қызметінің 2484 әскери бөлімге мерзімді әскери қызметке шақырылып, алты ай бойы сержанттар даярлау мектебінің оқу орталығында кәсіби дайындықтан өтті. Оқу курсы сәтті аяқтаған соң, оған кіші сержант әскери атағы беріліп, бөлімше командирі лауазымына тағайындалды.

Сол кезеңде жас әскери қызметшінің жүрегінде айқын мақсат

қалыптасты – офицер атанып, болашақта шекара заставасын басқару. Осы арманы оны жоғары әскери оқу орнына жетеледі. 2004 жылы ол ҚР ҰҚК әскери институтына қабылданып «психолог» мамандығы бойынша білім алды. 2008 жылы оқу орнын ойдағыдай тәмамдап, жолдама арқылы Петропавл қаласындағы 2032 әскери бөлімге қарасты «Қарақұдық» шекара заставасына тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі застава бастығының орынбасары болып тағайындалды.

Осы жылдары оның өмірінде маңызды бетбұрыс кезең басталды. Тағдыр оны болашақ жары – Айгерім Айдарбекқызымен

жолықтырды. Жас отбасының өмірі қызметпен қатар өріліп, қуаныш пен сын қатар жүрді. Тұңғыш ұлдары Көкшетау қаласында дүниеге келді.

2009 жылы Рауфхат Серикович Өскемен қаласындағы 2034 әскери бөлімге ауысып, «Үлбі» шекара заставасында қызметін жалғастырды. Ал 2010 жылы «Қарағайлы» шекара заставасының бастығы лауазымына тағайындалып, үлкен жауапкершілік жүктелді. Сол жылы Өскемен қаласында екінші ұлдары өмірге келіп, отбасының қуанышы еселенді.

Қызмет жолы 2012 жылы Қостанай қаласындағы 2031 әскери бөлімінде жалғасты. Мұнда ол «Обаған» шекара заставасының бастығы қызметін абыроймен атқарды. Бұл кезең Төлегендер отбасының өмірінде айрықша орын алды. 2014 жылы Айгерім Айдарбекқызы келісімшарт негізінде әскери қызметке қабылданып, «Обаған» автомобильдік өткізу пунктінде кіші бақылаушы лауазымында еңбек жолын бастады. 2017 жылы Қостанай қаласында отбасының кенже ұлы дүниеге келді.

Жабық әскери қалашықтағы тұрмыс пен қызмет Айгерім Айдарбекқызы үшін ерекше естеліктерге толы болды. Әскери қызметшілердің жұбайлары бір-біріне тірек болып, балаларды бірге тәрбиелеп, қуаныш пен қиындықты ортақ бөлісті. Сол жылдары қалыптасқан достық орта бүгінде «убаганский рай» деген атаумен әлі күнге дейін сақталып келеді. Застава мен өткізу пунктінің офицерлері және олардың отбасылары өзара байланысын үзбей, бір-біріне демеу болып келеді. Бұл – шекара қызметінің үлкен бір отбасы екенін айқын дәлелдейді.



2018 жылдың қаңтар айында штаттық құрылымға тұрғын үй қызметінің бастығы лауазымы енгізілгенде, Рауфхат Серикович осы салада өзін сынап көруге бел буды. Әскери қызметшілерге әлеуметтік және материалдық қолдау көрсетуге бағытталған бұл қызмет оның өмірлік ұстанымымен үндес еді. Ол тұрғын үй қызметіндегі еңбек жолын Өскемен қаласындағы 2034 әскери бөлімде бастап, кейін Шығыс Қазақстан облысы бойынша Шекара қызметі департаментінде жалғастырды.

Бүгінде подполковник Рауфхат Төлеген департаменттің жеке құрамын тұрғын үй төлемдерімен қамту, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл орнату, шекара бөлімшелеріндегі мәдени-ағарту нысандарын жанартуға қатысты жұмыстарға белсенді атсалысып келеді.

Ал жұбайы, бақылаушы ефрейтор Айгерім Төлеген қазіргі уақытта ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментінің Өскемен (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінде әуе бағытындағы өткізу-тексеру пунктінде әскери

қызметін өтеп жүр.

Төлегендер отбасының өмір жолы – Отанға адал қызмет етудің, әскери борыш пен отбасылық құндылықты қатар ұстанудың жарқын үлгісі. Мұндай өнегелі әулеттер – еліміздің шекарасын қорғап тұрған сенімді тірек.

Қазіргі таңда Отан қорғау ісі тек жеке әскери қызметшінің еңбегімен өлшенбейді. Оның артында берік отбасы, ортақ түсінік пен өзара қолдау тұрады. Подполковник Рауфхат Төлеген мен жұбайы ефрейтор Төлеген Айгерім Айдарбекқызының өмір жолы – шекара қызметінің жауапкершілігін, әскери тәртіп пен отбасылық бірлікті қатар ұстанудың айқын көрінісі. Мұндай отбасылар шекара шебінде ғана емес, қоғамда да тұрақтылық пен сенімнің негізін қалыптастырады. Отанға адал қызмет ету – олардың кәсіби таңдауы ғана емес, ұрпаққа үлгі болар өмірлік ұстанымы.

Суреттер отбасылық мұрағаттан.

Ғалымжан БАКЕТОВ, подполковник.



ШЕКАРА ҮНІ

2ақпан – Ұлттық басылым күні. Бүгінде елімізде 5 мыңнан аса БАҚ тіркелген, оның 3 мыңға жуығы мерзімді баспасөз басылымы, 212-і телеарна, 90-ы радио, 1,3 мыңнан астамы ақпараттық агенттіктер мен желілік басылымдар.

Бұл күннің тарихи және рухани мәні зор. 1913 жылдың дәл осы күні ұлт көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының бастамасымен қазақ халқының тұңғыш ұлттық қоғамдық-саяси әрі әдеби-мәдени басылымы – «Қазақ» газетінің алғашқы саны Орынбор қаласында жарық көрді. Ұлт санасын оятуды, елді білім мен бірлікке үндеген бұл басылым қазақ журналистикасының берік

іргетасын қалады. Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек» деген қанатты сөзі бүгінгі ақпарат дәуірінде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Осы ұлы дәстүрдің заңды жалғасы ретінде елімізде түрлі салалық, ведомстволық басылымдар қалыптасты. Солардың ішінде шекарашылардың төл басылымы – «Отан сақшысы – Часовой Родины» газеті айрықша орын алады. Бұл басылымның тарихы 1943 жылдың 10 шілдесінен бастау алады. Ұлы Отан соғысының ең бір шешуші кезеңінде, Курск шайқасы жүріп жатқан шақта жарық көрген

газет алғашында «Пограничник Казахстана» атауымен шығып, ел шебін күзеткен жауынгерлерге рух беруді мақсат етті.

Соғыс жылдарында газет сарбаздарға майдан мен тылдағы жағдайды жеткізіп қана қоймай, олардың ел алдындағы жауапкершілігін терең сезіндіретін идеологиялық құрал болды. Басылым заставалар мен бекеттерге ұшақпен, көлікпен, кей жағдайда ат-көлік арқылы жеткізіліп, шекарашылар үшін сенімді ақпарат көзіне айналды. Бұл – газеттің тек баспасөз емес, жауынгерлік қызметтің бір бөлшегі болғанын көрсетеді.

Редакция тарихында 20 редактор, атап айтсақ, М. Гендлин, В.Адрианов, А. Бахарев,

В.Старичков, С.Мартьянов, А.Петров, С. Воронцов, И.Барсуков, Т. Афанасьев, И.Беляев, П.Медвидь, П. Машковец, О.Шилин, Г. Хромин, М.Андреев, В. Шупейкин, Х. Абраимов, Н.Сағымбаев, К. Сейтмухаммедов, Р.Кагенов басшылық етті.

1954 жылы 30 сәуірде газет атауын «Отан сақшысы» деп өзгертті. Оның тарихында реформа кезеңдері мен қысқартулар да болды, бірақ ол өзінің миссиясына адал болды. Өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасында газеттің шығуы тоқтап қалса да, Шығыс шекаралық округімен бірге 50 жыл өмір сүрген газет ақпарат айдынына қайта оралып, оқырмандарының жүрегіне жол тапты.

90-жылдары егемен Қазақстан өзінің қауіпсіздік және әскери құрылымдарын құра бастады. «Часовой Родины» газеті сол

кезде де жұмысын тоқтатпай, жаңа штаттық және штаттан тыс қызметкерлердің жаңа қосынын құрып, өз кадрларын қалыптастырды. 1994 жылдан бастап газет екі тілде шыға бастады және жаңа «Отан сақшысы – Часовой Родины» атауға ие болды. 2002 жылдан бастап өзінің ведомстволық «Шекарашы» журналы жарық көрді.

Басылымның көптеген ардагер журналистері шекараның барлық аймағынан ақпарат жеткізді. Ауғанстан Республикасының аумағында, оқу-жаттығулар мен қысқа мерзімді іссапарларда қызмет атқарды. Мәселен, 1990 жылы майорлар Василий Шупейкин мен Валентин Малютин Қырғызстан мен Тәжікстандағы халықаралық шиеленіскен «ыстық» нүктелерінде болып, қақтығыстарды көзбен көріп, сол оқиғаларды газет беттерінде

жариялады.

Шекара журналистикасының дамуына ерекше үлес қосқандардың қатарында Қазақстан және әлем халықтары Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, отставкадағы полковник Сағидолла Сихымбайұлы мен отставкадағы подполковник Бірлік Ақшолоақовты ерекше атап өтуге болады. Олар тәжік-ауған шекарасындағы оқиғаларға қатысып, газет оқырмандары үшін өте маңызды жедел ақпарат жинады.

Редакцияның көптеген журналистері Сергей Мартьянов, Олег Волков, Александр Бахарев, Василий Калицкий кейін КСРО-да танымал жазушыға айналды. Олардың есімдері әскери журналистиканың шеңберінен асып, жалпы әдебиеттің, журналистиканың дамуына зор үлес қосты. Мәдениет саласындағы ерен еңбегі және елге сіңірген еңбегі үшін Василий Шупейкинге «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы және журналистика саласындағы жетістіктері үшін «Құрмет» ордені берілді.

Олег Волков, Василий Калицкий, Василий Шупейкин, Сағидолла Сихымбаев, Кенжебек Сейтмухаммедов, Евгений Грасевич, Людмила Шевченко, Бірлік Ақшолоақов, Лариса Дмитриук, Қуаныш Турапов, Сәулет Алтаев, Бекзат Молдахметова, Тамара Дәулетбаева, Манарбек Қарекенов, тағы да басқа білікті қаламгерлер әскери газеттің сарғайған беттерінде өз қолтаңбаларын қалдырды.

Редакция баспаханасынан Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен





Шекара қызметінің ерлікке толы күндерін сипаттайтын көптеген кітаптар басылып шықты. Соның бір айғағы 2023 жылы «Отан сақшысы» газетінің 80 жылдығына орай редакция тарихының айшықты жылдарын бейнелеген «Сексен жылдық шежіре» кітабы қалың оқырманға таныстырылды.

Бүгінде ҰҚК Шекара қызметінің 83 жылдық тарихы бар төл басылымы «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінің шығармашылық ұжымы да кеңеюде. Бас редактор подполковник Рахат Нұрғалиев басқаратын ұжым әскери басылымға жаңа дем беріп, оқырмандарды жаңа жобалармен, тың тақырыптармен сусындатып келеді. «Шекара аруы», «Шекара мұрагері» сияқты ақпараттық жобалармен шекарашылардың «түн ұйқысын төрт бөлген» редакция бүгінде әскери медиа контенттің асығын алшысынан түсірді.

«Отан сақшысы» газеті мен «Шекарашы» журналы бүгінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ақпараттық және идеологиялық тірегіне айналған. Басылым беттерінде шекарадағы жауынгерлік қызмет, оқу-жат-

тығулар, құқықбұзушылықтардың алдын алу, халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ шекарашылардың күнделікті қызметі кеңінен қамтылады. Сонымен қатар, публицистикалық, әдеби-көркем материалдар арқылы сарбаздың ішкі жан дүниесі, Отанға деген адалдық пен антқа беріктік көркем тілмен суреттеледі.

Ұлттық басылым күні қарсаңында барлық БАҚ өкілдеріне құрмет көрсету – парыз. Қаламы қаруындай қайралған журналистерге ел тыныштығы жолында талмай қызмет етіп шығармашылық шабыты арта берсін демекпіз.

Суреттер редакция мұрағатынан.

Айдос КИРГИЗБАЕВ,
лейтенант .



НАГРАДЫ:

Орден «За службу Родине в ВС СССР» III степени;
медали «За отличие в охране государственной границы СССР»,
«За безупречную службу» I, II, III степеней;
юбилейные медали Вооружённых Сил СССР;
нагрудные знаки «Отличник пограничных войск» I и II степени.

ПОЛКОВНИК ТАНАРЫКОВ БАХЫТБЕК —
ЭТАЛОН ПОГРАНИЧНОЙ РАЗВЕДКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Работая над воспоминаниями о полковнике Танарыкове Бахытбеке Нурахметовиче – друге, соратнике и одном из самых ярких разведчиков Краснознаменного Восточного пограничного округа, – автор вновь возвращается к мысли, возникшей ещё в 2009 году. Тогда, по просьбе его старшей сестры Гулзиги Нурахметкызы, к 60-летию Бахытбека было написано небольшое воспоминание. Сегодня, спустя годы, пришло четкое понимание: память о таких людях не укладывается в несколько страниц. Она требует вдумчивого, честного и цельного рассказа. Решение окрепло после поминального аса, прошедшего после кончины супруги Бахытбека – Светланы Кабуловны. Именно тогда возникла идея увековечить имя разведчика. Поддержка сына Болатата стала окончательным подтверждением правильности этого шага – подготовить полноценную книгу памяти.

Бахытбек Нурахметович Танарыков родился 19 ноября 1949 года на руднике Манко Маркакольского района Восточно-Казахстанской области, в семье интеллигенции. Его отец, Нурахмет Танарыков Смагулович, был участником Великой Отечественной войны, награждённым орденами и медалями, с боевым ранением. Он прошёл войну, вернулся домой и стал для сына живым примером мужества, стойкости и безусловной верности Родине. В этой семье понятие долга не обсуждалось, им просто жили.



Детство и школьные годы Бахытбека прошли в селе Буран. Он учился в Бурановской средней школе, отличаясь ответственным отношением к учёбе и внутренней собранностью. Школу окончил крепким ударником. Выбор жизненного пути определился рано. Зимой 1967 года в родное село приехал в отпуск офицер-пограничник Болат Кыстаубаев. Его форма, уверенность и рассказ о службе произвели сильное впечатление на выпускников. Этот

образ стал решающим. Следуя совету земляка, Бахытбек оформил документы через органы КГБ и поступил в Алма-Атинское высшее пограничное командное училище имени Ф.Э. Дзержинского.

Учёбу он проходил основательно, без суеты и показной старательности. Уверенно осваивал как общевойсковые, так и специальные дисциплины, понимая, что теория для разведчика имеет цену лишь тогда, когда она работает

на практике. В 1971 году училище было успешно окончено, ему присвоено звание лейтенанта. По решению мандатной комиссии Танарыков был направлен в Учаральский пограничный отряд, где с 1971 по 1980 годы проходил службу в разведывательном подразделении. Его аналитические материалы отличались точностью, глубиной и практической направленностью, что обеспечило ему авторитет в округе и включение в резерв на выдвижение.

В октябре 1980 года Бахытбек Нурахметович был назначен заместителем начальника разведотдела Зайсанского пограничного отряда. Именно здесь в полной мере раскрылся его организаторский и оперативный талант. Он умел не просто руководить – он умел сплачивать, заражать уверенностью, формировать команду единомышленников. Чёткая постановка задач и требовательность к результату позволили разведотделу выйти в число лидеров по основным показателям служебно-боевой деятельности.

В этот период сложился коллектив профессионалов, объединённых общей целью и высоким уровнем доверия друг к другу. Сам Танарыков отличался собранностью, внутренней дисциплиной и стратегическим мышлением. Он требовал прежде всего от себя. Любил лаконичность и ясность в документах, считая, что каждая строка должна работать на результат. Аналитика и практическая применимость решений для него были важнее формы.

Показательным стал эпизод 1985 года, связанный с раскрытием тяжкого преступления и предотвращением незаконного



Бахытбек, Серік және Света, Үшарал қ., 1973 ж.

пересечения государственной границы. В сложной оперативной обстановке, при нехватке времени, именно точный анализ, работа с источниками и выверенные решения позволили задержать преступника по горячим следам. Этот случай стал наглядным примером эффективного взаимодействия разведки и контрразведки и продемонстрировал высокий уровень профессионального мышления Танарыкова.

В августе 1986 года он был назначен заместителем начальника Чунджинского пограничного отряда по оперативной работе, а затем – начальником оперативного, разведывательного отдела. В этой должности он прослужил до 1993 года. За это время им была воспитана целая плеяда офицеров-разведчиков, многие из которых в дальнейшем заняли ключевые посты в системе Пограничной службы Республики

Казахстан.

Полковник Танарыков не просто руководил подразделением – он формировал школу. Его ученики с гордостью называли себя «танарыковцами». Это было неофициальное, но очень ёмкое определение профессионального уровня и нравственной планки. Он работал без оглядки на личное время, досконально знал обстановку на всех участках, постоянно находился в движении, проверяя заставы, комендатуры, населённые пункты. Для него граница была живым организмом, требующим постоянного внимания.

В 1993 году Бахытбек Нурахметович был переведён в Центральный аппарат и назначен заместителем начальника управления оперативной охраны государственной границы – начальником оперативно-розыскного отдела. В 1994–1997 годах он

занимал должность заместителя Председателя Государственного комитета Республики Казахстан по охране государственной границы – начальника Главного оперативного управления. Это был период формирования новой системы пограничной безопасности независимого государства, и Танарыков был в числе тех, кто создавал её на практике.

29 июля 1997 года он был освобождён от занимаемой должности и выведен в распоряжение командующего Пограничными войсками. Переживания, связанные с отстранением от любимого дела, тяжело отразились на его здоровье. 21 марта 1998 года полковник Танарыков внезапно скончался от болезни сердца.

Он отдал пограничной службе 27 лет жизни, пройдя путь от лейтенанта до одного из руководителей пограничного ведомства независимого Казахстана. Везде, где он служил, подразделения показывали высокие результаты и неизменно занимали передовые позиции.

Полковник Танарыков был примерным семьянином, отцом четырёх сыновей, которые достойно продолжили его дело. Его жизненный путь – это история профессиональной чести, верности присяге и подлинного служения государству.

Фото из личного архива.

**Ветеран ПС КНВ
полковник в отставке
Чаймардан ИБРАЕВ.**



Белгім бастықтарым, 1995 ж.



Солдан оңға қарай: Мақсат Нұралиев, Болат Қыстаубаев және Бақытбек Таңарықов



Бақытбекпен тұрған соңғы суреті 21.11.1997 жылы.



*Мен жастарға сенемін,
Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты.*

Мағжан Жұмабаев

ҰЛТ ҮНІН ҰСТАҒАН ШЕКАРА

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Біз өткеннің сабақтарын ескеріп, болашаққа қадам басуымыз қажет. Қазіргі заман – бұл жаңашылдық пен болашаққа бейімделудің уақыты» деп атап өткен болатын. Бұл тұжырым бүгінгі шекара қызметінің мазмұнымен тікелей үндеседі. Себебі қазіргі шекара – тек географиялық кеңістік емес, ол ұлттың тарихи жады, рухани тұтастығы мен болашаққа деген сенімін сақтайтын қасиетті аймақ.

Бүгінгі шекарашы – тек қарумен емес, санамен, рухпен,

мәдени кодпен қызмет ететін заманауи тұлға. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық өнер мен шекара қызметінің тоғысуы уақыт талабынан туған заңды құбылыс ретінде көрініс табууда. 2025 жылы 29 қараша күні Астана қаласында ұлттық нақышта безендірілген «OzgeEris» мәдени кеңістігінде өткен «Turana» этно-фольклорлық ансамблінің тыңдармандармен кездесуі дәл осы рухани сабақтастықтың айқын дәлелі болды. Бұл кеш қарапайым концерт форматынан әлдеқайда кең мағынаны қамтыды. Әрбір орындалған шығарма арқылы тыңдарман қазақ халқы мен күллі түркі дүниесінің терең

тарихына бойлап, өуен арқылы өткен мен бүгіннің арасындағы үзілмеген байланысты сезінді. Ансамбль мүшелері әр композицияның шығу тарихын, атауын, мазмұнын егжей-тегжейлі түсіндіріп, ұлттық музыканың тек сахналық өнер ғана емес, ғылыми-зерттеуге негізделген мәдени құбылыс екенін көрсетті. «Turana» ансамблінің басты ерекшелігі – олардың орындауында 55-ке жуық ұлттық музыкалық аспаптың қолданылуы. Бұл – бір ғана ұжымның мүмкіндігі емес, тұтас бір өркениеттің дыбыстық шежіресі. Домбыра мен қобыздан бастап, жетіген, сыбызғы, сазсырнай, адырна, шаңқобыз секілді көне



аспаптардың әрқайсысы қазақ халқының дүниетанымын, табиғатпен үйлесімде өмір сүрген көшпелі болмысын бейнелейді. Ансамбль құрамындағы музыканттардың бірі ұлттық музыкалық аспаптар тақырыбында ғылыми еңбек жазуы да олардың шығармашылығының кездейсоқ емес, терең ізденіспен жүйелі зерттеуге негізделгенін аңғартады. Бұл өнерде тек орындаушылық емес, жауапкершілік пен тарихи сана қатар жүреді.

ҰҚК Шекара қызметінің әскери қызметшілері үшін бұл рухани кездесу ерекше әсер қалдырды. Шекарашылар күнделікті қызмет барысында жоғары төзімділік пен ішкі тұрақтылықты талап ететін күрделі міндеттерді атқарады. Осындай сәттерде ұлттық музыка, терең мазмұнды әуендер

сарбаздың рухын көтеріп, елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттырады.

Бүгінде «Туған» ансамблінің шығармалары шекарашылар дайындайтын бейнематериалдарда жиі қолданылып, Отан қорғаушылардың ішкі мотивациясын күшейтетін рухани құралға айналып отыр. Өнер арқылы берілетін рухани қуат әскери қызметшінің өз міндетіне деген жауапкершілігін арттырып, ел тыныштығын қорғау жолындағы мақсатты терең сезінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде қауіпсіздік ұғымы тек техникалық мүмкіндіктермен ғана шектелмейді. Ақпараттық ықпалдасу, жаһандану, мәдени алмасу жағдайында мемлекеттің рухани, мәдени байлығын сақтау маңызды. Осы тұрғыда шекара қызметінің жаңғыруы жаңа техно-

логиялармен қатар ұлттық құндылықтарға негізделген саналы, білімді көзқарасты талап етеді.

Бұл бағытта «Туған» ансамблінің шығармашылығы мен шекара қызметінің мақсаты бір арнада тоғысады. Екеуін байланыстыратын ортақ ұғым – ұлттық рух, тарихи сабақтастық және болашаққа деген жауапкершілік. Ұлттық әуен арқылы берілетін рух шекарашылардың қызметіне мән беріп қана қоймай, мемлекеттің тұтастығын сақтауға бағытталған ортақ идеяны қалыптастырады. Мұндай мәдени үндестік – бүгінгі күннің емес, ертеңгі ел қауіпсіздігінің берік іргетасы. Өйткені рухы биік елдің шекарасы әрдайым берік.

**Суретті түсірген
А. НУКЕШОВ**

**ҚР Журналистер одағының мүшесі подполковник
Жанар КЕМЕЛ.**



«РАТМИР» – ТЕҢІЗ ШЕБІНДЕГІ ҮЗДІК КАТЕР

Шекара қызметінің ведомстволық «Отан сақшысы – Часовой Родины» газеті мен «Шекарашы» журналында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті жағалау күзеті екінші дивизионына қарасты «Ратмир» шекаралық күзет катері экипажының кәсібилігі мен жетістіктері туралы бұған дейін бірнеше рет жазылған.

2025 жылдың қорытындысы бойынша теңіз шекарашылары өздерінің жоғары дайындық деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеп, «Үздік катер» құрметті ведомстволық номинацияны жеңіп алды.

Департамент басшылығы экипажға оң баға беріп, жеке құрамның жоғары кәсібилігін, іс-қимылдағы үйлесімділігін және қызметтік міндеттерді орындаудағы жауапкершілігін атап өтті.

— 2025 жылы катер экипажы кеме қатынасы қағидаларын бұзған 15 шағын жүзу құралын ұстады, 22 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар Каспий теңізі акваториясында браконьерлікке арналған 35 шақырымнан астам ау құралдары тәркіленді. Табиғи ортаға 120 дана бекіре тұқымдас балық және 10 ит-

балық жіберілді, — деп атап өтті департамент бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы, бірінші дәрежелі капитан Данияр Мальчубаев.

Қызметтік-жауынгерлік даярлықтағы жоғары көрсеткіштері үшін «Ратмир» экипажы департамент деңгейіндегі жауынгерлік сайыстарда бірнеше рет жүлделі орындарға ие болған.

Бұл жетістіктерде катер командирі — екінші сыныпты старшина Алдиярбек Мадиярбектің еңбегі ерекше. Ол Түркістан облысы, Байдібек ауданының Жиенкүм ауылында дүниеге келген. Балалық шағынан

әскери теңізші болуды армандаған Алдиярбек мектеп бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке шақырылды. Қызметтік бөлініс бойынша жағалау күзетінің өңірлік басқармасына қарасты шекаралық кемелер мен катерлердің екінші дивизионына жіберіліп, «Астана» шекаралық күзет кемесінде боцман-мерген лауазымында қызмет атқарды.

Қатаң тәртіп, жарғылық талаптар мен қызметтегі жауапкершілік оның болашақ таңдауын айқындады — мерзімді қызметін аяқтағаннан кейін Алдиярбек Шекара қызметі қатарында келісімшарт негізінде қалу жөнінде шешім қабылдады.

12 жылдық қызмет барысында ол боцман-мергеннен бастап команда старшинасына дейінгі негізгі лауазымдардан өтті. Соңғы екі жыл бойы «Ратмир» шекаралық күзет катерін басқарып келеді.

Командир экипаждың ұйымшылдығына ерекше мән береді, себебі теңіздегі қызмет тек тәртіпті ғана емес, өзара толық жауапкершілікті талап етеді.

— Катер экипажы — біртұтас команда. Мұнда әрқайсысы ортақ іске жауапты. Теңізде екінші дәрежелі міндет болмайды: келісілген іс-қимыл мемлекеттік шекараны күзету және теңіз кеңістігінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету міндеттерінің табысты орындалуына тікелей әсер етеді, — дейді катер командирі.



Катердегі үздік әскери қызметшілер қатарында Алдиярбек команда старшинасы, бірінші баптағы старшина Диас Корневті, боцман-мерген Бекболсын Төребекұлын және моторист-электрик Айбек Мейырманды атап өтті. Олардың адал қызметі катер мен дивизион басшылығының сеніміне ие болды.

Алға қойылған міндеттерді нық орындап келе жатқан «Ратмир» экипажы Каспий теңізіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге елеулі үлес қосып, жас әскери қызметшілерге үлгі болуда.

Екінші сыныпты старшина Алдиярбек Мадиярбек басқарған «Ратмир» шекаралық күзет катері мен оның экипажы кәсібилік пен жауапкершіліктің елдің теңіз шебін сенімді қорғаудың берік негізі екенін дәлелдей отырып, тұрақты әрі нәтижелі қызмет көрсетіп келеді.

Суреттерді түсірген автор.

**Асхат ЖАНАЛИПОВ
капитан.**

Мемлекеттік шекараны қорғау – тек қару асынған сарбаздардың ғана міндеті емес. Бұл – ел тыныштығын қамтамасыз ететін, адам өмірін сақтауға бағытталған тұтас жүйенің ортақ еңбегі. Шекара бойындағы әрбір тыныш түн, әрбір атқан таң – көзге көріне бермейтін, бірақ жауапкершілігі аса ауыр қызметтің нәтижесі. Осы қызметтің алдыңғы шебінде тұрған мамандардың бірі – әскери медицина қызметкерлері. Олар – сарбаздың жанын да, тәнін де қорғаған ақ халатты сақшылар.



АҚ ХАЛАТТЫ ПАРЫЗ

Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген жандардың қатарында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының медициналық қамтамасыз ету бөлімінің медбикесі, қатардағы жауынгер Алия Шукибаева бар. Оның қызмет жолы – ақ халатты парызға адалдықтың, адам өміріне деген

жанашырлықтың және әскери борышқа деген беріктіктің жарқын үлгісі.

Алия Дулатовна 1988 жылдың 11 маусымында Абай облысының Көкпекті ауданына қарасты Көкпекті ауылында дүниеге келген. Табиғаты қатал, тұрмысы қарапайым ауылда өскен қыз баланың бойына ерте жастан төзімділік, сабырлылық және еңбекқорлық қасиеттері сінді.

Ауыл тіршілігі оның мінезін шындап, өмірге деген көзқарасын қалыптастырды. 2007 жылы Қаратөбе ауылындағы Дүйсенбі Қалматайұлы атындағы орта мектепті тәмамдаған жас түлек болашақ жолын таңдауда көп ойланды. Ақыры адам өміріне араша болуды, жанға дауа болар мамандықты таңдауы – оның жүрек қалауынан туған саналы шешім еді.



Сол мақсатпен 2007–2010 жылдары Өскемен қаласындағы жоғары медициналық колледжде «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алып, фельдшер біліктілігін иеленді. Бұл жылдар оның кәсіби дүниетанымын қалыптастырған, медицина саласының терең жауапкершілігін ұғындырған кезең болды. Теория мен тәжірибені қатар ұштастырған жас маман адам денсаулығының әрбір сәті – үлкен жауапкершілік екенін ерте түсінді.

Еңбек жолын ол Өскемен қаласындағы ірі өнеркәсіп кәсіп-

орындарынан бастады. Ульбин металлургия зауыты, Арматура зауыты, Конденсатор зауыты жанындағы медициналық мекемелерде қызмет атқарып, өндірістік медицинаның күрделі жағдайларымен бетпе-бет келді. Өндіріс ошағында жұмыс істеу – кез келген маман үшін үлкен сынақ. Мұнда дәрігер мен мейіргердің бір ғана қателігі ауыр зардапқа әкелуі мүмкін. Осындай ортада шындалған Алия Дулатовна кәсіби шапшаңдыққа, нақты шешім қабылдауға, төтенше жағдайда сабыр сақтауға үйренді.

2017 жылдан бастап ол Мақаншы ауданындағы №1 Орталық аурухананың жедел жәрдем бөлімінде еңбек етті. Бұл кезең оның кәсіби тұрғыдан толық қалыптасуына зор әсер етті. Жедел жәрдем – медицина саласының ең ауыр әрі ең жауапты бағыттарының бірі. Мұнда әрбір минут, әрбір секунд адам өмірімен өлшенеді. Осы қызметте жүріп, Алия Дулатовна адамдар тағдырына немқұрайды қарамауды, науқастың жанайқайын жүрекпен сезінуді үйренді.

2018 жылдың 18 қарашасы оның өміріндегі маңызды кезеңнің бастауына айналды. Ол ҚР ҰҚК Шекара қызметінің қатарына қабылданып, Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының медициналық қамтамасыз ету бөлімінде медбикесі ретінде қызметін бастады. Осы сәттен бастап оның мамандығы жаңа мазмұнға ие болды. Ақ халат енді әскери тәртіппен, ал медициналық жауапкершілік – әскери борышпен ұштаса түсті.

Шекара қызметіндегі медбике – тек ем-дом көрсететін маман емес. Ол – сарбаздың сенімді серігі, қиын сәттегі тірегі, денсаулығының сақшысы. Алия Дулатовна осы міндетті толық сезініп, қызметіне асқан жауапкершілікпен қарады. Оның кәсіби дайындығы мен бай тәжірибесі талай мәрте сыналды.

Солардың ішіндегі ең есте қалған оқиғалардың бірі – 2018 жылы лазаретте ем қабылдап жатқан сарбаз Зекен Дамирдің жағдайы болды. Науқастың жалпы жағдайын мұқият бақылаған

Алия Дулатовна ауру белгілерін дер кезінде байқап, «менингококк инфекциясы» диагнозын нақты айқындады. Бұл – өте қауіпті әрі жылдам өршитін инфекциялық ауру. Уақытында жасалған медициналық әрекеттер мен дұрыс шешімнің арқасында сарбаздың өмірі сақталып қалды. Бұл жағдай оның кәсіби шеберлігімен қатар, адам өміріне деген биік жауапкершілігін айқын көрсетті.

Ақ халатты парызын адал атқарып жүрген мейіргердің еңбегі уақыт өте келе лайықты бағасын алды. 2023 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Асхат Болатович Ахметовтың Алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапат – оның шекара қызметіндегі табанды еңбегінің алғашқы ірі бағасы болды. 2024 жылы Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Қойгельдиннің

Алғыс хатын иеленуі – азаматтық қоғам тарапынан көрсетілген жоғары сенімнің белгісі еді. Ал 2025 жылы оның кәсіби жолындағы ерекше белеске айналған марапаттар табысталды. ҚР ҰҚК Төрағаның орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-майор Ерлан Алдажұмановтан «Үздік орта медицина қызметкері – 2025» номинациясы бойынша дипломмен, сондай-ақ «Шекара қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бұл – көп жылғы адал еңбектің, кәсіби шеберліктің және әскери борышқа беріктіктің жоғары деңгейде мойындалуы.

Қызмет пен отбасылық өмірді қатар алып жүру – кез келген адам үшін оңай емес. Алия Дулатовна бұл жауапкершілікті де абыроймен атқарып келеді. 2012 жылдың 13 қазанында ол тұрмыс құрып, бүгінде үш ұл мен

бір қыздың анасы атанып отыр. Оның жолдасы – Дәурен Шукибаев, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының байланыс қамтамасыз ету тобының аға маманы. Бұл отбасы – бір мақсатқа қызмет еткен, ел тыныштығын қорғауды өмірлік мұрат еткен шекарашы әулеттің жарқын үлгісі.

Алия Дулатовна үшін медицина – жай ғана мамандық емес, бұл – тағдыр тандауы. Ал шекара қызметі – оның азаматтық ұстанымының көрінісі. Оның күнделікті еңбегі шекарадағы сарбаздардың денсаулығын сақтауға, әскери ұжымның моральдық-психологиялық ахуалын нығайтуға бағытталған.

Ақ халатты парыз – оның өмірінің мәні.

Бұл – көзге көрінбейтін, бірақ маңызы зор еңбек.

Бұл – үнсіз ерлік, жанкешті қызмет, адам өміріне деген адалдық.

Қатардағы жауынгер Алия Шукибаева – кәсіби біліктілігімен, адами қасиетімен және әскери борышқа адалдығымен ҚР ҰҚК Шекара қызметінің абыройын арттырып жүрген тұлғалардың бірі. Осындай жандардың еңбегі арқылы шекара тек қарумен емес, мейіріммен, жауапкершілікпен, ақ халатты парызбен қорғалып келеді.

Фото жеке мұрағаттан.

**Ердос ҚАЙРТАЙ,
аға лейтенант.**





СЕРЖАНТ ДӘУЛЕТ АМАНҰЛЫ: «ӘСКЕР - ЕРЛІК МЕКТЕБІ, АЛ СПОРТ - РУХ МЕКТЕБІ»

Бүгінгі сұхбатым - ел күзету ісі мен спортты қатар алып жүрген, жеңістерімен халқымыздың намысын асқақтатқан, шекарашы-спортшы сержант Аманұлы Дәулетпен. Ол - Отан қорғаушы ғана емес, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, талай додалардың жеңімпазы. Қазіргі кезде

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Арнаулы мақсаттың әскери қызметшісі. Әскери атағы – сержант.

- Дәулет Аманұлы, оқырман-дарға әскери еңбек жолыңыз туралы айтып өтсеңіз.

- Әскери жолым 2018 жылы басталды деуге де болады. Ол

кезде Алматы облысы, Райымбек ауданы, Шонжы ауылындағы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің 2534 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышымды өтедім. «Қалжат» пен «Поляна» шекара заставаларында қызметтік иттер нұсқаушысы ретінде қызмет атқардым. Әскердегі алғашқы қадамдарымда-ақ шекараны кү-

зетудің қандай жауапты іс екенін, бұл тек жұмыс емес - туған жерді күзету екенін жан-тәніммен сезіндім.

Перзенттік парызымды адал атқарғаннан кейін де әскери жолымды жалғастыруды, тағдырымды шекарашылар сапында қызмет атқаруға арнауға бір жолата шешім қабылдадым. Әскери қызметке ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына орналастым. «Тасты» шекара бөлімінде қызметтік иттердің аға нұсқаушысы болдым. Ол кезеңде «кіші сержант» әскери атағын алып, жауапкершілігім бұрынғыдан да арта түсті. Әскерде сенімге ие болу - үлкен мәртебе.

Содан кейінгі әскери қызметім Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Алтай ауданы бойынша шекара басқармасында аға нұсқаушы, кейіннен топ бастығы лауазымдарына ауысты. Жауынгерлік қызметтегі жақсы еңбегімнің нәтижесінде «сержант» әскер атағына ие болдым. Бұл мен үшін тек атақ қана емес, Отан алдындағы адал қызметтің жемісі еді.

Қазіргі кезде Арнаулы мақсаттағы басқармада жауапты қызметте жүрмін. Арнайы жасақта қызмет ету - әрбір жауынгердің мандайына жазыла бермейтін үлкен абырой. Бұл жерде тәртіп те, жауапкершілік те, ерлік те қатар жүреді. Әрбір тапсырма - сынақ, әрбір күн - шындалу.

- Дәулет Аманұлы, сізді жай ғана шекара сақшысы емес,



сонымен қатар шетелдерде ел намысын қорғап жүрген атақты спортшы деп білеміз. Өз спорт жолыңыз туралы, алыс-жақын жерлерде қатысқан додаларыңыз жайында айтып өтсеңіз.

- Спортқа алғаш қадамды 2003 жылы бастадым. Дзюдо күресімен жаттығып, бозкілемде алғаш рет жеңіс дәмін таттым. Бұл тек спорттағы жолымның басы еді. Әрбір жарыс маған жана тәжірибе, әрбір жеңіс - жана сенім сыйлады. Кейін самбоға да бет бұрып, ол жерде де биік шындарды бағындырдым. Бүгінде спорт менің өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды.

Жалпы алғанда, ел ішіндегі және халықаралық ареналарда түрлі жетістіктерге жеттім. Дзюдодан Қазақстан Республикасының жеңімпазы атансам, самбодан Т.Көмекбаев атындағы Гран-приді жеңіп алдым. Самбо бойынша ел чемпионы әрі «ҚР спорт шебері» дәрежесін иелен-

дім. Ал комбат дзю-дзюудан Азия мен Әлем чемпионаттарында топ жарып, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алдым. Бұл - тек жеке еңбегімнің емес, елдің, әкемнің, бапкерлерімнің еңбегі.

Әлемдік додаларға қатысу - үлкен сын. Испанияда өткен әлем чемпионатында күміс жүлде иеленіп, Латвияның Даугавпилс қаласында жеңімпаз атандым. Өзбекстанда, Польшада, Түркияда, Қырғызстанда, Тәжікстанда бақ сынадым. Қай жерде жүрсем де, кеудемде «Қазақстан» деген жазу болды. Ол жазу - менің күшім, менің рухым, менің батылдығым. Әр жекпе-жекте елдің абыройын ойладым. Шетелдің төрінде көк туымыз көтерілген сәт - спортшы үшін ең үлкен бақыт, сарбаз үшін ең үлкен мақтаныш.

Әскердегі ерлік пен спорттағы қайсарлық - бір-бірін толықтыратын қасиеттер. Шекарада түн ұйқысын бөліп күзетке шыққан сәттерім де, бозкілемде жан

алып, жан беріскен белдесулерім де - бәрі туған жердің болашағы үшін. «Отан қорғау - ердің ісі» деп бекер айтылмаған. Мен үшін шекарашы болу - парыз, ал спортшы болу - сол парызды әлемге таныту жолы.

2023 жылы «Самбо саңлағы» төсбелгісін иеленіп, ҚР ҰҚК Шекара қызметі бойынша «Үздік спортшы» атандым. Бұл марапаттар мен үшін мәртебе ғана емес, болашаққа деген сенімді арттыра түсті. Әрбір жарыс, әрбір жүлде - елдің абыройына қосылған үлес.

Менің ең үлкен армандарымның бірі - еліміздің жас ұрпағына үлгі болып, спорт пен әскердің қатар өркендеуіне атсалысу. Әрбір жеңіс - қазақ жастарына жігер беріп, патриоттық сезімін оятады деп сенемін. Бізді алға жетелейтін күш - туған жерге деген сүйіспеншілік, елдің амандығы үшін жан аямай қызмет ету рухы.

- Дәулет Аманұлы, бапкерсіз спортшы болмайтыны белгілі жайт. Сіздің осындай жоғары дәрежедегі жарыстарға дайындаған бапкеріңіз кім? Спорттағы бағыңызды ашқан жаттықтырушылар туралы айтып өтсеңіз?

- Шынында да, кез келген спортшының артында үлкен еңбек, қажырлы дайындық пен бағыт-бағдар беретін ұлы тұлға - бапкер тұрады. Менің ең алғашқы әрі ең басты бапкерім - өз әкем, аты-жөні Аман Нүсіпханұлы Шәріпов. Әкемнің өмір жолы - мен үшін сарқылмас рух пен қайраттың мектебі. Ол кісі самбо күресінен Қазақстан Республика-



сының спорт шебері, «Дзюдо тарланы» атағының иегері, еліміздің спортын дамытуға елеулі үлес қосқан, «ҚР Құрметті спорт қызметкері» төсбелгілерімен марапатталған ардақты жан.

Әкем әрдайым маған: «Шекара күзегі - Отан алдындағы парыз, ал спорт - ел намысын әлемге танытатын жол», - деп үйретіп келді. Бала кезімнен спортқа бейімдеп, татами үстінде төзімділік пен қайсарлыққа баулыды. Оның жаттықтыруы арқасында мен тек республикалық емес, халықаралық деңгейдегі додаларға шығып, жеңістерге жеттім. Әкем үшін әрбір шәкірт - ұрпаққа қалдырар мұра. Ол 2012 жылы өз шәкірті Еркебұлан Мұратбекұлы Қосаевты Лондон Олимпиадасына дайындап, қазақ спортын дүние жүзіне паш етті. Бұл - бапкерлік өнердің, ұрпақ тәрбиелеудің айқын үлгісі.

Мен өзімді бақытты санаймын, себебі әкем маған спорт қана емес, өмір мектебін үйретті. Шекарашы болсам да, татамиде жеңіс үшін, ел намысы үшін күресуді ол кісіден үйрендім. Әр жеңісімде әкемнің еңбегі, маңдай

тері жатыр. Әке - тек отбасының тірегі емес, ел намысын қорғаған балуан, спортшының жеңісін шындаған ұстаз.

Қазір мен алған тәжірибемді жас сарбаздарға, спортқа енді аяқ басқан жастарға жеткізуге тырысамын. Өйткені бізге үлгі болған әкелеріміздің еңбегін жалғастыру - біздің міндетіміз. «Ел үшін тер төккен ердің еңбегі ескерусіз қалмайды» дейді халқымыз. Сондықтан менің әрбір жеңісім - әкемнің мектебі мен Отан алдындағы антымның тоғысқан тұсы.

- Байқағанымыздай, Сіз де, әкеңіз де спортты жанына серік еткен жандар екенсіздер. Ал әулетіңізде, нағашы жұртыңызда спортқа жақын жандар бар ма? Сонымен қатар оқырманымызды отбасыңызбен таныстырып өтсеңіз.

- Біздің әулет - спорт пен ел қорғауды өмірлік мұрат еткен әулет. Бұл біз үшін тек кәсіби бағыт емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан аманат іспеттес.

Әкемнің әрбір сөзі мен ісі бізге тек спортта ғана емес, өмірде де бағыт-бағдар беріп келеді. «Жі-

гітке жеті өнер де аз» деп халқымыз бекер айтпаған, әкем бізді спортпен қатар елге қызмет етуге баулыды.

Анам - Алмагүл Шәріпова. Ол кісі медицина саласында медбике болып еңбек етеді. Ана - отбасының жүрегі, мейірім мен парасаттың қайнары. Бізді қай істе де қолдап, рух беріп отырады. Әкем спортқа баулыса, анам бізді адамгершілік пен мейірімге үйретті.

Қарындасым – Гүлназым. Қазіргі таңда банк қызметкері. Әр отбасында тіршіліктің тынысын үйлестіретін, іскерлік пен еңбекқорлықты көрсететін жандар болады. Біздің әулетте ол рөлді Гүлназым атқарады.

Ал інім – Батыр. 10-сынып оқушысы. Дзюдо күресімен айналысып жүр. Арманы - ҚР ҰҚК Шекара академиясына түсіп, шекарашы офицер атану. Інімнің осы мақсаты мені ерекше қуантады. Себебі елін қорғайтын жауынгер - ең абыройлы мамандықтардың бірі.

Кенже қарындасым – Гүлім. 9-сыныпта оқиды. Ол да білімге құштар, өнерге жақын. Біз әрқашан бір-бірімізге тірек, демеу боламыз.

Нағашым - Зекен Шаймарданов - самбодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Әлем кубогының жеңімпазы, әлем біріншілігінің қола жүлдегері, Орта Азия ойындарының жеңімпазы. Мұндай жетістік - тек жеке адамның емес, тұтас әулеттің мерейі.

Сондай-ақ әкемнің туған ағасы - Серікхан Шәріпов те - еліміздің

мақтанышы. Ол дзюдодан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Сансыз шәкірт тәрбиелеп, ел спортының дамуына үлкен үлес қосты.

Міне, осындай әулетте дүниеге келіп, тәрбиелену - мен үшін үлкен мақтаныш. Әкем де, ағаларым да, нағашыларым да спортты таңдады, елге қызмет етуді мақсат етті. Ал мен спорт пен әскери қызметті ұштастырып, шекарашы әрі спортшы болуды таңдадым. Бұл - менің азаматтық жолым, елге берген сертім.

- Биіктерді бағындырған спортшының білімді қатар алып жүргені талас тудырмас. Қандай оқу орындарында оқығаныңыз туралы айтып өтсеңіз.

- Білім - адам баласының өмірлік серігі, табысының кілті. «Оқыған озады» деп халқымыз бекер айтпаған. Менің білім жолым да спорт пен әскери қызметпен қатар өрбіді.

Алғаш рет туған жерімде - Абай облысы, Семей қаласындағы №31 жалпы орта білім беретін мектептің табалдырығын аттадым. Осы білім ордасында 7-сыныпқа дейін оқып, алғашқы ұстаздарымнан әріп пен ілімнің негізін үйрендім. Балалық шағымдағы сол кезеңдер - мен үшін мәңгілік естелік.

Кейін оқуымды Солтүстік Қазақстан облысындағы спортқа дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында жалғастырдым. Мұнда тек білім алып қана қоймай, спорттағы алғашқы ірі жетістік-

теріме жол аштым. 2014 жылы 11-сыныпты аяқтап, болашақ спортшы әрі ел қорғаушы болуға нақты қадам жасадым.

Білімімді тереңдету мақсатында Алматы қаласындағы К.Ахметов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне оқуға түсіп, үздік дипломмен арнайы орта білім алдым. Бұл оқу орнында мен тек спортшы ретінде емес, тәртіпті азамат, елін сүйген патриот ретінде қалыптастым.

Қазіргі таңда білімімді жалғастырып жатырмын. 2023 жылы Астана қаласындағы Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясына қабылдандым. Қазір 3-курс студентімін. Мамандығым – «Дене шынықтыру мұғалімі және спорт түрлерінен жаттықтырушы». Бұйырса, келесі жылы жоғары білімді дипломым қолыма тиетін болады. Бұл тек жеке арман емес, ел болашағына қосар үлесімнің бір бөлігі деп білемін.

Мен әрдайым жастарға айтамын: «Білім мен спорт - егіз ұғым. Білімсіз жеңіс те, спортсыз рух та толық болмайды». Сондықтан қай салада жүрсем де, білім алады басты мақсатым деп білемін.

- Қызықты сұхбатыңызға көп рақмет!

Суреттер жеке мұрағаттан.

Манарбек ҚАРЕКЕНОВ, подполковник.



**ПОГРАНИЧНЫЙ НАРЯД
«РАЗВЕДЫВАТЕЛЬНО-ПОИСКОВАЯ ГРУППА»
ГЛАЗАМИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА**

Автор рядовой Д.КУАНЫШЕВ.



На страже последних рубежей 24/7 в любую погоду.

Автор рядовой Д.КУАНЫШЕВ.